


Ақбеттау


Тарихи-тәнімдық, әдеби-көркем журнал

№ 1/2017, тамыз

Журналдың бірінші саны ғұлама
Мәшіүр Жұсіп Көпейұлына
арналады

МӘШІҮР ЖҰСІП
КӨПЕЙҰЛЫ
1858 - 1931





ЖУРНАЛДЫҢ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ

- 1. Оразгелді Қайыргелдинов** – Баянауыл ауданының әкімі
- 2. Мұрат Рахметов** – Павлодар облысының Құрметті азаматы
- 3. Зекебай Солтанбаев** – Баянауыл ауданының Құрметті азаматы
- 4. Алтысбес Әділханұлы** – Баянауыл ауданының Құрметті азаматы
- 5. Нығмет Жәмінұлы** – Баянауыл ауданының Құрметті азаматы
- 6. Қорабай Шәкіров** – Павлодар облысының Құрметті азаматы
- 7. Сүлеймен Баязитов** – Баянауыл ауданының Құрметті азаматы
- 8. Нартай Жүсіпов** – филология ғылымдарының докторы
- 9. Эбдіғұмар Салихов** – зейнеткер
- 10. Асыл Әбіш** – журналист, қаламгер
- 11. Ерәділ Тұсіпбаев** – «Баянауыл ауданының рухани даму қоры» төрағасы

Журналдың редакторы – Сайлау Байбосын

Байланыс телефондары: 8771 275 1930. 8778 394 3647. 8707 484 2445.

Электронды поштасы: akbettau2017@mail.ru

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар авторға қайтарылмайды. Журналдың шығу жиілігі: бір жылда 4 рет

«Ақбеттау» журналы 2017 жылдың 11 шілдесі құні ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігіне қарасты Байланыс, ақпараттандыру және бүқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде есепке қойылған. Кәулік нөмірі – 16605-Ж

Журналдың меншік иесі: «Баянауыл ауданының рухани даму қоры», Мекен-жайы: 140000, Павлодар облысы, Баянауыл кенті, Сәтбаев көшесі 111 үй, тел: 87187-40-90280.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» БИН/ИИН 17064000628, ОКПО 56514018, Кбе 18.

ЕСЕПШОТЫ: № KZ926010361000360622KZT



МАЗМҰНЫ

Құттықтаулар	5
Сайлау Жылқыбаев. Ақбеттің ән салғандай сілемдері	10
Зекебай Солтанбаев. Мәшһүр Жұсіп – әлемдік тұлға!	12
Нартай Жұсіпов. Мәшһүр мұрасы – қазақ тарихының қара қазаны (сұхбат)	14
Сәдуақас (Сәкен) халфе Ғыммани. Мәшһүр Жұсіп жайлы біраз сөз	23
Сұлеймен Баязитов. Мәшекеңнің «Тұрмыс жайында...» мақаласы хақында	28
Қайырбек Кеменгер. Қартқожаның Омбыда қалған құжаттары	33
Қайырболат Нұрбаев. Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі: өткені мен бүгіні	38
Бақтыбай Амантаев. Ұлы тұлғаның есімін ұлықтау – үрпаққа парызы	47
Жанарғұл Қадырова. Екіbastұзда – көшесі Мәшһүр Жұсіптің	50
Сайлау Байбосын. Мәшһүр Жұсіп пен Хамбо-лама	51
Көпшілік Көпей сопыны біле ме еken?	57
ӘДЕБИЕТ	
ПОЭЗИЯ	63
Алмагүл Жүгінісова. Ұлбике (Поэма)	64
ПРОЗА	
ШЕТ ЕЛ ӘДЕБИЕТИ	74
Рауза Мұсабаева. Қызғаныш. Новелла (Андре Моруадан)	



Біле жүріңіздер...	79
Амантай Сатаев. Мағжан мен Мандельштам (естелік)	82
ТАРИХ	87
Сайлау Байбосын. Байтақ даладағы бабалар ізімен (тарихи-тәнімдық экспедициядан жолжазба)	87
ҚАЗЫНА	106
Абай мен Мәшһүр Жұсіп	106
Мөңке бидің болжауы	106



Болат Бақаев,
 «Ақбеттау» журналының редакция алқасы!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН ҚАУЫМ!

«АҚБЕТТАУ» ЖУРНАЛЫНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ!

Аймағымыздағы әдебиет оқып және өлкे тарихын білуге ынтық оқырмандар қауымы үшін бұл журнал нағыз керек басылым деп ойлаймын. Себебі, өзінің төл әдебиеті мен тарихын оқып-білген адам ғана туған халқының шын болмысын танып, оны құрметтей алады.

Былғы жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақ-қа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялаған еді. Өз мақаласында Ұлт Көшбасшысы Ұлттық сана туралы сөз қозғап, Ұлттық бірегейлікті сақтау жолында білімнің салтанат құруы көркөтігін нақты атап көрсетті.


Ұлттық сананы қалыптастырудың төте жолы – Қазақстанды мекен еткен әр ұлттың өкілі өз халқының өткен тарихы мен әдебиетін, туған тілі мен мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін тани білуінде. Яғни, Елбасы айтқандай біз ұлттық санасезімнің көкжиеңін кеңейтіп, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгертуіміз қажет.

Осы орайда, халқымыздың тарихынан сыр шертетін танымдық мақалаларды жарияладап, ұлттық болмысымызды айшықтайтын ақпарат ұсынуды басты мақсат етіп қойған «Ақбеттау» журналы көзі қарақты оқырманның жата-жастана оқитын басылымына айналады деп ойлаймын.

«Ақбеттау» журналы қасиетті Ертіс-Баян өңірінің тау тұлғалары өшпес із қалдырған киелі өлкенің тарихы, жас ақын-жазушылардың тырнақ алды туындылары мен аймағымызға аты әйгілі қаламгерлердің шығармаларын халыққа таныстырып, Павлодар облысының рухани өмірінен ақпарат беретін бірегей басылымға айналысын деген тілегімді жолдаймын.

Халықта өткір тілмен ақыл қосқан Бұқар жырау Қалқаманұлы, Шоң би Едігеұлы, елі үшін жанын қиған Жасыбай, Олжабай, Малайсары, Баяндай хас батырлар, қазақ халқының шежіресін жазып, иман нұрын сепкен әулие Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлы, қазақ әдебиетінің бастауында түрған Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Жұсіпбек Аймауытов, отандық ғылымның кеңін ашқан Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Әбікей Бектұров сынды киелі Баянаула жерінің дарабоз тұлғаларының өмірі туралы тың зерттеулер де осы журналдың беттерінде жарық көрсе екен деймін.

Аймағымыздың баспасөз кеңістігіне қадам басқан жаңа басылымға ақ жол айтып, оқырмандары көп болсын деп тілегімді жеткіземін!



ее0000000000с ооооо<><><><><><><>о>с
оо>^>

цоскан Букар жырау Калкаманулы, йын киган Жасыбай, Олжабай, Ма- Ф, казак халкынын, шеж!рес!н жа- е Мәшьур Жус!п Кепейулы, казак я Султанмахмут Торайтыров пен с, гылымның кен!н ашкан Каныш ?й Бектуров сынды киел! Баянаула I ем!р! туралы тың зерттеулер де ык керсе еken дейм!н.
;шсг!г!не кадам бассан жаңа ба- андары кеп болсын деп т!лег!мд!

Мурат Рахметов,

Павлодар облысының
және Баянауыл ауданының
құрметті азаматы



ҚАДІРЛІ АҒАЙЫН!

Халқымызда: «Өткендерін ескерген – өскендіктің белгісі, өткендерін жек көрген – өшкендіктің белгісі» – деген қанатты сез бар. Осы бір ұлағатты тәмсілдің арғы мағынасына үңілсек, өзіңнің өткениңді танып алмай, өркениетті ел болуың мүмкін емес деген түсінік түр. Өткеніңді тану деген – өзінді өзің тану деген сез. Себебі, өз ұлтыңың, өзіңнің өскен ортаңың, елің мен жеріңнің тарихын біліп алмай, басқаны тануың қын. Өз халқының өткенине ой жүгірткен азамат қана оның ұлттық болмысын бойына сіңіреді және сол арқылы өзін басқалармен салыстыра алады.


Ал, өзінді-өзің тану деген қашанда туып-өскен өлкеңнің тарихын танудан бастау алатыны белгілі. Айталық, Қазақдеген ұлттың тарихы үлкен бір том кітап десек, Баянаула жерінің тарихы сол кітаптың алып тастауға болмайтын маңызды бір тарауы іспеттес. Егер ұлтымыздың тарихынан Бұқар жырауды, Көтеш ақынды, Олжабай, Жасыбай батырларды, Үкібай биді, Мәшһүр-Жүсіпті, Мұса мырзаны, Жаяу Мұса мен Жарылғапбердіні т.б. алып тастасақ, не болар еді? Біз бұл жерде аузымызға түскен біраз адамдардың ғана аттарын атап отырмыз. Ал, Баянаула төңірегінен шыққан, есімдері ұмытылуға айналған бүндай тарихи тұлғалар қаншама? Оларды бүтінде кімдер елең-ескеріп жатыр? Қебі бүтінде ұмытылуға айналған. Енді ізделмесе, он шақты жыл өткен соң, біржола ұмытылуы мүмкін. Сонда біздер келер үрпаққа не деп жауап береміз? Нені мұралаймыз? Жасыратыны жоқ, Баянаула жерінің өткени мен кеткені талай кітаптарға өзек болды. Бірақ қарасаң, бұл жақта жа затын түк те қалған жоқ секілді. Бірақ, зерделеп үңілсөңіз, Баян жерінің жазылғанынан жазылмағаны көп секілді.


Міне, осындағы себептен «Баянауыл ауданының рухани даму қоры» деген қоғамдық қор ашып, қолдарыңыздағы «Ақбеттау»

деп аталатын журналды шығарып отырмыз. Ондағы мақсат: өзіміз туып-өскен өлкенің тарихын қайтадан жаңғыртып, ұмытылуға айналған тарихи тұлғалардың есімдерін келер үрпақ сана-сына сіңірсек деген ой. Сонда ғана Баянауыл елінің сан ғасырлық шежірелі тарихы түгелдей болмаса да, біразы қағаз бетіне түсіп, кейінгі үрпаққа мұра болар еді.

Әрине, бұл басылым тек Баянула жерінің ғана тарихымен шектеліп қалмайды. Шама келгенше, Омыдан бері қарай жайлап елдің өткен тарихы қамтылып, жалпы ұлттық тарихнамаға қатысты дүниелер жарияланады. Әдеби шығармаларға да баса назар аудырылады. Қысқаша айтқанда, халық ізден жүріп оқитын басылымы болса деген ниетіміз бар.

Ендеше, қадірлі ағайын, сіздер өз ортамыздан шығып жатқан осы «Ақбеттау» журналының қуана қолдан, оған Қазпошта арқылы жазылып, қоғамдық қорға демушілік жасайды деп сенеміз!





Арман Қани,
Қазақстан Жазушылар одағы
Павлодар облыстық филиалының
директоры

ҰЗАҒЫНАН СҮЙНДІРСІН!

Жаңа басылымның алғашқы қадамы баршамызға құтты болып, әдеби-мәдени өміріміздегі жақсы жаңалықтар мен соны баста-маларға үйітқы болсын дейміз! Журналдың әрбір саны шыққан сайын көркемдік сапасы жоғарылап, мазмұны байып, таралымы көбейіп, «Ақбеттау» күні ертең Ертістің Кереку-Баянауыл өңіріндегі іргелі басылымдардың біріне айналады деген ойдамын. Осы бастан журналдың бетінде әдеби-көркем туындылармен қатар жас үрпақтың санасына отанышлдық, мемлекетшілдік сезімдерін сіңіріп, егемен елдіктің қадыр-қасиетін үғындыратын жарияла-нымдар басылса – нұр үстіне нұр болар еді.

Редакция алқасына қажырлы шығармашылық ізденістер мен жетістіктер тілеймін!

Сайлау Жылқыбаев,

Ақмола облысы, Ерейментау
аудандық мәдениет жөнө тілдерді
дамыту бөлімінің басшысы. ҚазПи-дің
көркемсүрет факультетін бітірген.

Ақын, сазгер. «Бозталда қалған
қолтаңба», «Құдырыптен тілдесу» секілді
жыр жинақтарының авторы. Аймақтық,
республикалық ақындар мұшайрасының
жүлдегері



АҚБЕТТИҚ ӘН САЛҒАНДАЙ СЛЕМДЕРІ

Жүрегім...
Не білесің, не білесің?
Неге сен, мұнға батып езілесің?
Тылсымын жоқ пен бардың сезінесің,
Жабығып, кейде үнсіз егілесің.


Ұқың кеп өткен күннің шежіресін,
Толғанып, жырға айналып төгілесің.
Алыста жатқан сонау мекен жайлы,
Жүрегім, не білесің, не білесің?

Осы мен,
Расында да, білем, нені?
Алаңымын, жүрегіме жыр енгелі.
Ақын ем, киік көңіл бір елдегі,
Жанымды өлең-жыр мен мұң емдеді.

Түк емес, Күзім келіп түнергені,
Бұл жұртым ақиқатты білер ме еді.
Өлең бол төгілгенде Сабындықөл,
Ақбеттің ән салғандай сілемдері.

Көңілім, шалқып кеттің...
Қалай-қалай?
Әйтеуір, жетелейсің солай қарай.
Бабамның ізі қалған Баян тауға,
Барайын аялдамай, қарайламай.

10



Зекебай Солтанбаев,

Қазақ ССР, СССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, Мәшһүр Жүсіптің өмірі мен шығармашылығына байланысты бірнеше поэзиялық кітаптардың авторы



МӘШНҮР ЖҰСІП – ӘЛЕМДІК ТҰЛҒА!

Алланың табиғи қазынасында шек жоқ. Оны адам баласы түгендеп, шегіне жетіп білмегі мүмкін емес. Аспан әлемінде қайтланбайтын өте сирек құбылыс сияқты, адам жаратылысында да тосын тұған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Ғылыми терминологиялық тілде айтсақ, шын мәніндегі «феномен». Мәшһүрді көзі тірісінде білгіштердің өзі оны кім деп атарына ақыл тоқтата алмай, әр кім өз түсінігінде өзінше атады. Біреулер молла десе, біреулер ақын деп таныды. Кейбір зерделі жандар ақын бойында ғылым-білімнің мол қорының барлығын біліп, бірі – ғалым деп таныса, енді бірі ұстаз тұтып, қол тапсырып, пір тұтты. Бала күнінен байланған «Мәшһүр» аты жасы ұлғая келе „Мәшекене” ауысты.

Ислам дінінің түп негізін меңгермей, бергі жағынан үйреніп, үстірт оқыған дүмше молдалардың қателіктерін бетіне айтып, мұсылмандықтын таза насиhatын жүргізді. Ғылым мен білім ізденеп, тарих қопарып, жиһанкез-зерттеуші атанды. Ел ішіндегі ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, оның әр түрлі нұсқаларын жазып, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өмір сүру ерекшеліктерін, әлеуметтік тұрмыс жағдайларын қағаз бетіне түсіріп, тарихши-шежіреші, этнограф атанды. Осынша білім иесін бір сөзben анықтап бере алмаған халық, Мәшһүрдің бір Құдайға ғана мәлім кереметті істеріне күә болып, оны әулие деп таныды. Осыдан болар, Баянауыл жеріне келген бір сапарында белгілі ақын Ғафу Қайырбеков естелік кітabyна „Мен келдім зиратыңа жолым түсіп, егілдім аруағынды сүйіп-құшып. Өмірдің жолдарында жар бола гөр, қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп” – деп жазған екен.

Ел ішінде ертеден: «Кейбіреу өзін әулиемін деп таниды, бірақ ел оның әулиелігін білмейді. Ал, елі біреуді әулие деп таныса, ол

еңінің әулие екенін білмейді” – деген сөз қалған. Осы анықтама тұра Мәшіүр Жұсіпке арнап айтылған тәрізді. Куаныш үстінде немесе назаланып айта салған бір ауыз сөзі, болмаса Жаратқанға жалбарынып берген бата-тілегінің сөзсіз қабыл болғанына сол кездегі ел қуә. Бірақ оған оған өзі мән де бермейді екен.

Мәшекеңнің философиялық ойлары мен болжауларын білім-ғылым қоры жоқ жай адамға түсіну оңай емес, түсіне бермейсің. Оның меруерт тізгендей дүниеге деген көзқарасы мен мақсатын жүйелей алсаң ғана түсінесің. Эйтпесе, «кәне-кәне», «қайда-қайда-мен» құрдымға кетіп тыш боласың. Өйткені Мәшіүр – жаратылысы тылсым сырға толы, жұмбағы ашылмаған жан.



Нартай Жүсіпов,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Мәшіұр Жүсіп Қөпейұлының көп томдық шығармалар жинағының жауапты редакторы және «Мәшіұр Жүсіп Қөпейұлы әнциклопедиясы» редакциялық алқасының мүшесі



**МӘШІҰР МҰРАСЫ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ
(Сұхбат)**

Кейінгі жылдары ұлттық ғылыми қазынаға қосылған ұлкен олжаның бірі – Мәшіұр Жүсіп бабамыздың 20 томдық еңбегі. Қазір осы көптомдықты кәсіби ғалымдар да, көзі қарақты оқырман да еркінше пайдаланып жатыр. Және атап айта кететін бір жайт, сонында Мәшіұр секілді осыншама жазба мұра қалдырған адам қазақта жоқ десе де болады. Тағы бір атап өтерлік нәрсе, осы еңбектің сан-салылағы оқыған адамды еріксіз таң қалдырады. Аталмыш мұраның ішінде ауыз әдебиетінің үлгілері де, қазақ тарихына, ұлт шежіресіне қатысты деректер де, этнографиялық әңгімелер де, қисса-дастандар да, медицина мен философияға қатысты толғамдар да, Мәшіұрдің өзінің өлең-дастандары, діни дастандар дейсіз бе, әйтеуір ұшан-теңіз дүние бар. Қазір, осы томдықтарды ақтара отырып, бұрыннан қалыптасқан тарихи деректерге, жер-су атауларына, кісі есімдеріне, кейбір тарихи оқиғаларға қатысты жаңа мағұлматтарға кез болып жатырмыз. Мәшіұр мұраларына қатысты бұл секілді жайттарды қозғай берсек, таусылмайтын әңгімеге айналады. Сондықтан біздер осы баға жетпес мұраны шып-шырғасын шығармай халыққа жеткізу жұмыстарына басшылық жасап, Мәшіұр еңбектерін аудару ісімен бала жасынан шұғылданып жүрген белгілі ғалым, оның үстіне ғұламаның өзінің тікелей шөбересі, филология ғылымдарының докторы Нартай Жүсіповпен сұхбаттасқан едік.

— Мәшіұр еңбектерінің бүгінгі оқырман үшін ұлкен рухани азық екені белгілі. Бірақ көп адамдар оның қалай аударылға-

ны, қай уақытта басталғаны, қолжазбалардың қалай сақталғаны, қандай әліпбімен жазылғаны, аудару барысында қандай қиындықтар болғаны жайлы біле бермейді. Осы жөнінде қысқаша әңгімелен отсаныз.

— Біздің бүгінгі міндетіміз – Мәшһүр Жұсіп қолжазбаларын оқу, оны зерттеу, сосын жарыққа шығарып, халықтың игілігіне жарату деген секілді шаруаларды іске асыру. Енді, ғұламаның қолжазбалары қалай сақталғаны жайлы айтсақ, төмендегідей бірнеше дереккөздерден алынды. Мәшһүр бабамыз қайтыс болған соң, өзінің үлкен ұлы Мұхаммет-Шәрәпі атамыз «Мес» «Қара кітап» секілді қолжазбаларын Алматыдағы Ғылым академиясының қолжазба қорына тапсырған екен. Оның жалпы көлемі мың жарым беттей болады. Ондағылар қолжазбаларды 200, 300 беттен папкаларға бөліп тастапты. Бұл Мәшһүр еңбектерінің сақталуына байланысты бір дереккөз. Бүгінге дейін сақталып жеткен тағы бір қолжазбалары – өзінің кіші ұлы Мұхаммет-Фазыл көшірмелері. Ол жазбалар өзіміздің әулеттік мұрағатта сақталған, бала жасымыздан пайдаланып келеміз. Ушінші бір дереккөз – Жолмұрат Жұсіпов жазбалары. Жолмұрат – Мәшһүрдің қарындастынан туған жиені, ғұмыр бойы үйленбей кеткен адам екен. Бұл кісі де Мәшһүр қолжазбаларын көшірумен айналысқан. Міне, негізгі шығармалары осы қолжазбалар арқылы жетіп отыр. Одан бөлек, марқұм Төлепберген Алдабергенов төте жазумен қағазға түскен Мәшһүр қолжазбаларын кириллицаға көшірген екен. Бұл дүнилерді біз жиырмасыншы томға кіргіздік. Мәшһүрдің өз заманында шәкірттері де болған. Солардың бірі – Омар Иманбаев деген адам, бертінде Майқайың кентінде тұрған. Ол кісіні әсіресе, би-шешендердің сөздері қызықтырған секілді. Осындай қолжазбасын ол өзі кезінде Куандық Фазылұлына табыстаған екен. Омар қолжазбалары Мәшүрден алынды дейтін себебіміз, ол кісі жазбаның әр бетіне «Мәшһүр Жұсіптен алдым» деп көрсетіп отырыпты. Сондай-ақ, Мәшһүр еңбектерінің қайсыбірінің бүгінге жетуіне себеп болған тағы бір адам – Иманғали Мәненұлы. Бұл кісі де кезінде Мәшһүр шығармаларының көшірмесін жасаумен айналысқан екен.

Бұлардан басқа, біздің қолымызға әлі тие қоймаған дүниелері болуы мүмкін. Мысалы, Сәбит Мұқанов мураларының ішінде Мәшһүр қолжабалары бар деген дерек естідім ғалымдардан. Ертерек кезде ел ішине келіп ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған Сәбен, Мәшһүр еңбектерін де назардан тыс қалдырmasа керек. Бірақ бұл дүниелердің анығына көз жеткізу үшін, Мұқановтың мұрағаттарын актарту керек, ол үшін жазушы үрпақтарының рұхсаты қажет. Тағы бір айта кететін жайт, Мәшһүр қолжазбаларының біразы кісі қолында да кеткен. Яғни, біреулер оқимыз деп алып, қайтармаған, енді біреулер жәдігер ретінде алып кеткен.

Мәшһүр Жұсіп жазбаларының кейбірі Әуезов институтының қолжазба қорында болуы керек деп ойлаймын. Алматыдағы орталық қолжазба қорында «Баянауылдан келді» деген белгісі бар қолжазбалар бар. Бұлардың да көбі кезінде Мәшһүр қолжазбаларынан көшірілген секілді немесе оның аузымен айтылған әңгімелер қағаз бетіне түскен бе деп ойлаймын. Тіпті, бір уақыттарда осындай әңгімелерді жазып алғып, кейін Семей жағында кітап етіп шығарып жиберген мысалдар да бар. Айтальық, «Түсіпхан» атты дастан кезінде Семей өңірінен табылды деп, үлкен сенсация болған. Ал, кейіннен осы дастан Мәшһүр еңбектерінің ішінен шықты. Авторы да өзі екен. Осы секілді мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Бабамыз, өзі өмірден өткенде, артында екі сандық кітабы қалған екен. Оның көбін келген адамдар ырымдап таратып алғып кеткен деседі. Кейбір кітаптарын өзімен бірге жерлепті деген де сез бар. Енді қазіргі қолда бар дүниені айтсак, әлі де 10 томға жетрліктер материалдар тұр.

— Көп адамдарды қызықтыратыны, Мәшһүр Жұсіп өз жазбаларын қандай жазумен жазғаны. Қөшіру барысында қандай қыындық, ерекшеліктер болды?

— Мәшекен жазбаларының қыындығы, ол қадым жазуымен жазылған. Бұл 1928 жылы Ахмет Байтұрсынов енгізген төте жазудан бөлек. Мысалы, құран жазуларын оқысаңыз, әріптердің үстінде харекеттер тұрады. Бұлар дауысты дыбыс болып оқылуы керек. Ал, бұрынғы адамдар қолжазба жазғанда үстіндегі харекетін қоймаған. Міне, осыдан барып қыындық туады. Мысалы, «мұмд» деген жазу болса, ол Мұхаммед болып оқылуы керек. Бұл жерде адамның өз логикасы жұмыс істеуі қажет. Сез бен сөздің арасына, дауысты дыбысты өзіңіз қосып отырыуыңыз керек.

— Айтар ауызға оқай болғанымен, бұны игеру де оқай емес, кәдімгідей жанкешті еңбек ету керек екен. Бұл үшін арнайы сабақ алдыңыздар ма, әлде...

— Фазыл атамыз ертеде өз әкем Куандықты осы жазуға үйреткен екен. Кейін әкем 10 жасынан бастап маған үйрете бастады. Дәптердің бетіне қара, қызыл сиямен белгілеп жазып беретін. Қадымды осылай игердім. Кейін сосын өз білгенімді соңымдағы іні-қарындастарыма үрреттім. Экей Семейде жүргенде ғылыммен түбекейлі айналыса бастады. Бірақ ол кезде бәрі кириллицамен жазылады ғой. Осының себебінен қадым жазуынан аздал қарай бастаса керек. Дегенмен, сол жерде белгілі ғалым, марқұм Қайым Мұхамедхановтан консультация алғып, жоғалғанның орнын толтырады.

Дегенмен қазір Мәшһүр еңбектерінің ішінде біздің тісіміз бата бермейтін, араб, парсы тілдерінде жазылған қолжазбалар бар. Осындай парсы тіліндегі Қожа Хафизден аударған бір дастаны әлі қозғаусыз жатыр. Бір қызығы, өзімнің інім Ертай парсы тілінің маманы, бір жыл Тегеранда стажировкадан өтіп келген. Бірақ олардың оқыған тілі кейінгі, «тегеран диалектісі» деп аталатын тіл екен. Ал, дастан орта ғасырлық үлгіде жазылған, тек тілімен гана емес, жазу ерекшелігімен де басқаша. Мысалы, беттерді белгілеу үшін, мәтіннің соңындағы сөзге белгі қойылып, сол сөз келесі беттің басында тұрады. Беттер шатысып кетпес үшін, осындағы әдіс қолданған. Мәшһүрдің осындай жазбаларын аудару үшін, кезінде Пәкістанда оқып келген екі маман айналысқан болатын...

— *Жалпы Мәшһүр еңбектерін аударып, көшіруді қай кезде бастап едіңіз? Өзіңізден басқа айналысқандар бар шығар? Жалпы 20 томдық дүниені аудару қанша үақыт алды?*

— Ол кезде Семейдеміз. Экеміз Куандық Фазылұлы докторантурада жүрген болатын. Дегенмен бір жыл бойы басқа жұмыстың бәрін тоқтатып қойып, үйдегі Мәшһүр қолжазбаларының картотекасын жасады. Сосын өзімізге керекті материалдарды сол картотека арқылы тауып ала қоятын едік. Бұның бір жақсы жері, ізденген нәрсенеді табу үшін қолжазбаны қопара бермейсің және оның жыртылмай сақталуына да пайдалы. Ол кезде менің он жастан асқан кезім болатын. Экемнің үйреткенін пайдаланып, сол кезде ақ өзімше аударып жүрдім. Экем өзі аударған жазбаға белгі қойып отырады, мен өзім аударған беттерге белгі қойып отырам. Сосын ол аударылған қолжазбаларды ешкім қозғамайды. Кейін Мәшһүр шығармаларын тұрақты турде кириллицаға көшіруді студент кезімнен бастадым. Сосын журналдарға апарып беретінмін. Өзіңіз білесіз, ол уақытта газет-журналға берген дүниең жылдам басыла қоймайды, 5-6 ай тосуың керек. Дегенмен, редакторлар қызығылты дүние екен деп алып қалып, шығарып жүрді. Міне, осы дүниелердің бәрі алғашқы 5-6 томға жетті. Кейін 13 томы шыққанда, материалдар біте бастады. Сондықтан қалған қолжазбаларды аударғанда ештеңесін өзгертпей, қалай тұрды, сол қалпымен аударып, кітап етіп шығарып жүрміз. Сондықтан 11-інші томнан бастап, бәрі аралас шығып жатыр. Мысалы, бір кітаптың ішінде өз алендері де бар, дастандар да, фольклор үлгілері де, шежіре үзіктілері де, медицина мен философияға қатысты дүниелер де кездеседі. 14-інші, 15-інші томдарды университеттегі Мәшһүр-Жұсіп орталығы дайындағы. 16 томды біз дайындағы. 17-18 томдарды орталық, 20 томды тағы да өзіміз жасадық.

Енді Мәшһүр жазбаларын аударуға кімдер атсалысты десеңіз, барлық жанұямызбен отырып аудардық десем болады. Себебі,

әкемнен бастап, отбасымызда барлығы ғалымдар, тіл мамандары. Астанада тұратын әпкем Гүлназ – ғылым кандидаты, одан кейінгі мен – доктормын, менен соң Ертай, ол да ғылым кандидаты, одан кейінгі Лаура – ғылым докторы. Кенжеміз Естай да ғылым кандидаты.

— *Кеңес уақытында баспасөзде ауыз әдебиетінің үлгілері жарияланып жүрді ғой. Айталақ, Балтабай Адамбаевтың жинаған дүниелері, басқадай фольклорлық жинақтар. Кейін Мәшһүр еңбектері жарыққа шыққасын біліп жастырмыз, сол кездегі ауыз әдебиеті үлгілерінің көбі Мәшекең қолжазбаларынан алғынған сияқты. Бірақ сол кезде Мәшһүрге ешбір сілтеме жасалмағаны байқалады.*

— Бұл сөзіңіздің жаны бар. Мысалы, бұрындары Балтабай Адамбаев жариялаған шешендік сөздер, Асан қайғы, Жиреншеге байланысты дүниелер Мәшһүр қолжазбаларымен тұра сөзбе-сөз дәл келеді. Бірақ барлығы да «ел аузынан алынды» деп берілген. Тағы бір жайт, кезінде Мәшһүр жазбалары арқылы ел ішіне тарап кеткен әңгімелер де жетерлік. Бұның барлығына қазір көзіміз жетіп жатыр. Дегенмен, сол кезде «ел аузынан» деп жинаған кісі кімнің аузынан алғанын да көрсетуі керек еді. Баспасөзде жарияланып жүрген кейбір деректерде «Омар Иманбаевтың папкасынан алынды» деген белгі бар. Ал Омар Иманбаев оның барлығын Мәшһүр жазбаларынан алғанын атап көрсетеді.

— *Мәшһүр Жұсіп еңбектерін сонау бір жылдары шыққан «Қазақ шежіресі» деп аталатын кішкентай кітапшасынан бастап оқып келеміз. Кейін халықтың қуанышына орай 13 томдығы, одан соң 20 томдығы қолға тиді. Осының бәріне ықпал етіп, себеп болған кімдер?*

— Мәшһүр шығармаларын насихаттау белсенді түрде қолға алғынған кез – Ерлан Арынның уақытында. Ерекең ол кезде осы университеттің ректоры болатын. Куандық Фазылұлы ол кісіге арнағы барып, Мәшһүрдің 4-5 томын жарыққа шығарайық деп ұсыныс жасаған. Ерекең қанша томға жететін дүние бар деп сұрағанда, әкей 20 томға жетеді депті. Содан басталып кетті ғой. Сол уақытта Мәшһүр Жұсіптің кесенесін көтеру жұмысы қолға алынды. Ол кезде Павлодар облысының әкімі болған Даниял Ахметов премьер-министр қызметіне барған. Кесене құрылышына деп 30 миллион теңге қаржы бөлдіргені есімде. Соның 5 миллионы осы томдарды шығаруға жұмсалды. Эрине, кесене құрылышына қалған 25 миллион аздық етері белгілі. Бұл жұмысқа жергілікті кәсіпкерлер, басқадай адамдар көмек жасағанын білемін. Мысалы, сол кезде Қарағанды облысының әкімі болып тұрған Нұрлан Нығ-

жатулин 13-15 миллиондай ақша аударғаны есімде. Және дәл сол кезеңде президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы шықты. Осының да бүл іске айтарлықтай көмегі тиң. Кесененің сыртында да «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында салынды» деп жазулы түр.

— *Жалпы осы кейінгі жылдары жария болып жатқан Мәшһүр Жұсіп еңбектеріне Қазақстандағы ғылыми ортандың көзқарасы қалай?*

— Бүл жөнінде айтар болсақ, кейінгі шыққан 20 томдықтың редакция алқасын өзіңіз байқаған шығарсыз? Кілең мүйізі қарағайдай белгілі ғалымдар. Әдебиет зерттеу ғылымының ақсақалдары Серік Қирабаев пен Сейіт Қасқабасов ағаларымыздың өздері неге тұрады? Мәшһүр еңбектерін сонау сексенінші жылдары аудара бастаған Сәрсенбі Дағітов те бар бүл алқа құрамында. Арап Еспембетов, Дандай Ысқақұлы секілді ғалымдар аталмыш еңбектің рецензенттері. Осы ақсақалдардың барлығы да ақылшы, кеңесші, қолдаушы болды. Алқаға кірген ғалымдардың біразы Мәшһүр еңбектері жайлы ғылыми атақ қорғаған жас ғалымдарға жетекші болған кісілер.

— *Кеңес уақытында біраз жылдар Мәшһүр еңбектері көзден таса болып келді. Ал, ерте кездерде Мәшһүр Жұсіптің өлеңдері оқулықтарда болғанын қазіргі ақсақал жасындағы адамдар айтып жүрдеді.*

— XX ғасырдың басында «Қазақ әдебиеті» деген пән болған. Оның авторы Бейсенбай Кенжебаев. Сол Бейсекең кезінде Мәшһүрдің ортанды ұлы Мұхаммет-Әмменнен сабак алған екен. Бейсенбай Кенжебаев осы «Қазақ әдебиеті» оқулығына ағартушы ақын деп Мәшһүр еңбектерін де кіргізген. Ол кезде өзіңіз білесіз, саяси цензура деген қас қақапай жұмыс істейді. Бір ауыз сөз үшін айдалып кете бару оп-оңай еді. Осының себебінен, «Мәшһүр діни көзқараста болған ақын» деп, аздап сынап та қояды Бейсекең. Өйтпесе, тағы болмайды. Бірақ 1952 жылы Мәшһүрдің зираты бұзылғаннан кейін, оның шығармалары да оқулықтардан алынып тасталған. Ал, кеңес билігі орнағанға дейін Мәшһүр Жұсіптің кейір еңбектері Омбыда шығатын «Дала уалаяты» газетінде жарияланып тұрған. Осы газеттің қазақ даласындағы белсенді авторларының бірі болған. Сол кезде Омбыда Смағұл Сәдуақасовтың «Қазақ әдебиеті» деген мақаласы шыққан. Осы мақаласында Сәдуақасов: «Қазақтың жазба әдебиетінің бастауында Абай мен Мәшһүр Жұсіп тұр» – деп жазады. Себебі, Мәшһүрдің еңбектері Абайдан бұрын, 1907 жылы Қазанда басылыш шыққан. Ал, Абай 1904 жылы қайтыс

болжасын, Тұрағұл мен Кәкітай Абай өлеңдерін жинап, 1909 жылы кітап етіп шығарған.

— *Тағы бір ғажабы, Мәшһүр шығармаларын оқи отырып, қазіргі кезде ақпарат құралдары қунде жазып жүрген – жер мен тіл тағдыры, саяси-әлеуметтік жағдайларға қатысты мәселелерді ол кісі сол кезде-ақ көтергенін байқаймыз.*

— Мәшһүр Жұсіптің Қазан қаласындағы Хусаиновтар баспа-ханасынан «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі жайлы», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарын шықты дедік. Осы еңбектерінде Мәшһүр сол кездегі қазақ даласындағы саяси-қоғамдық ахуалды, ел басқарған ұлықтарды аяусыз сынайды, әлеуметтік жағдайдың қынындығын ашына жазады. Осының себебінен, оның кітаптары зиянды деп танылып, патша өкіметі соңына түсіп, кітаптары өртеледі. Қазандығы Хусаиновтерге де көп мөлшерде ақшалай айыппұл салынады. Мәшһүрдің өзін ұстап, түрмеге жабындар деген бүйрек шығады. (Жиреншин деген ғалым өз еңбектерінде «Юсуф Қөпеевты ұстап жабындар» деген бүйректың көшірмесін де берген). Бірақ Мәшһүрді қадір ту-татын елі мен жұрты бар, ұстап бере ме. Сол уақыттарда ол кісі бой тасалап, ел ішін аралап жүріп кететін кездері бар. Барған жерде: «Өз атым – Мұсәпір, әкем аты – Жолаушы» – дейді еken. Бірақ, Мәшһүрді танымайтын қазақ бар ма? Барлығы да құшағын ашып, қарсы алады.

— *Қазір Мәшһүр Жұсіптің 20 томдығы раритетке айналып отыр. Алам деген адамдар көп, бірақ табу оңай емес. Енді осы еңбектер қайтадан басыла ма еken деп сүрайды ел іші.*

— Бірінші шыққан 13 томдықтың біразы қаламақы ретінде Куандық Фазылұлына берілген. Ол кісі бұл кітаптарды халыққа және кітапханаларға тегін таратты. Одан кейін шыққан 20 томдықтар да тегін таратылды. Кейін университеттің өзі басып шығарған 7 томдық сатылып жатыр. Бағасы жаңылmasам 17 мың теңге болуы керек. Себебі, университет өзін-өзі қаржыландыратын мекеме, сондықтан кітап саттың деп ай тыптауға болмайды.

— *Шіркін, бір қалталы қасіпкер табылып, осы 20 томдықты жүзегеген мың данамен қайта басып шығарып, қолжетімді бағамен бүкіл Қазақстан бойынша сатса, ел де кенеліп қалар еді, қасіпкер де салған қаржысын есесімен қайтап алар еді.*

— Әрине, ондай қасіпкер болса, құба-құп дер едік. Тіпті сол қасіпкөрге раҳметімізді айтып, кітаптың бірінші бетіне демеуші болды деп, аты-жөнін де жазып қояр едік. Кезінде жазушы Дидах-

жет Әшімханов деген кісі тендер арқылы ұтып алғып, 20 томдың шығарған. Бірақ ол кісі кітаптың көлемін азайтып, бір томнан екі том жасаған. Айталық, бізде басылған томдар 500 беттен кем болмаса, ол кісінің басқаны 200-300 беттен. Және кейбір адамдар бізден хабарласып, сендерде шыққан кейбір дүниелер мұна бағыттыда жоқ екен деп жатты. Сондықтан қолұшын берем деген адам табыла қалса, бұрынғыдан да толықтырып шығарғаны дұрыс болар еді.

— *Улken діни ғұламалар жайлы қазақ ішінде «перінің ақуын» оқыған деген түсінік бар. Хасиданың окуы деп те жастады. Мәшһүр-Жүсіп осы ілімді игергенін білеміз. Кейбір деңгектерде Мәшекең бұл оқуды Бұхарада оқыпты дейді. Себебі, оны хасиданы оқыту Бұхарада әлі де сақталып қалған және атадан балаға ауысып, қупия түрде ұсталады деген әңгіме жағдайдағы сол жаққа барғанда.*

— Менің өз дерегім бойынша, перінің дұғасын Мәшһүр жас уақытта Исабек ишеннан үйренген. Мәшекеңнің алғашқы ұстаздашының бірі Қамаридден хазірет оған: «Менің оған жүргегім даудаңмайды, себебі бұл өте ауыр ілім, оқымын деп барған 10 адамның тоғызы есінен ауысып кетеді. Оның себебі, перінің иесі оңайлықпен көне қоймайды. Ол саған әртүрлі мақұлық кейпінде көрінуі мүмкін. Мысалы, үйіктап жатқанда жылан болып иіріліп кеуден-дежатады. Жыртқыш аң болып шабады. Сондықтан бұл ілімді игеру үшін, жүйкең мықты, Аллаға деген сенімің күшті болуы керек. Енни, бір Алладан басқа ештеңеден қорықпауың керек» — деген екен. Кейін осыны игерген Мәшекеңнің небір кереметтер жасағаны жайлы жазылып та, айтылып та жүр. Мысалы, осындай оқиғаның біреуін өзінің немересі Төлеубай атамыз жазады. Отызыншы жылдары, жолаушылап келе жатып, немересі қарным ашты дегенде, бір иесіз қыстаудағы құлаған қоранаң орнына тоқтап, дұта оқығанда, өзінен-өзі дастархан жайылып, оның үстіне түрлі ас-су келеді. Бұның барлығы бүгінгі күннің адамына ертегі секілді көрінері рас. Бірақ шын болған оқиға. Мысалы, Шобалай-Күліктен шыққан Қаһарлы Жанақ, Дұғалы оқ Жанақ атанған кісі болған. Аттым десе, жан болсын, мал болсын, мұрттай үшады екен. Мәшекең 1914 жылы Сілеті бойында жерленген осы Жанақ әулиенің зирағына барып, басына бір түн түнеп, дұғалы оғын алып қайтыпты. Кейін осы дұғалы оқты Мәшһүр өзі де басбұзар, шектен шыққан адамдарға қарсы жұмсағанын жазады.

— *Енді осы қөптомдыққа кірген екі өлең туралы сұрағым бар. Бірі-белгілі «Иманжусіптің әні» деп айтылып жүрген өлеңнің мәтіні. Бұл өлең қазір Иманжусіптікі делініп, сахна-*

да әнімен орындалып жүргенін білеміз. Ал, көптомдықта бұл өлеңнің мәтіні Мәшһүр Жүсіптікі деп беріліпті. Осының көргесін, кезінде Иманжұсіп жайлары роман жазған Зейтін Ақышевтың кітабын да бір қарап шықтым. Ол кісі романның бір түсіндә «Мәшһүр Жүсіп Иманжұсіпке де өлең шығарып беріп еді» деп атystі айтып отеді. Сонда осы өлең шын мәнінде кімнің шығармасы?

Екіншісі – Ақсақ Темір жайлары бір «Жүдей хан әңгімесі» деген оқиғалы өлең. Бұл өлең сонау сексенінші жылдары Мұхтар Шахановтың балладасы ретінде оның өлеңдер жинағына кірген. Және жазу стилі де Шахановтікі, ескі заманның өлеңіне келмейді, бірақ Мәшһүр шығармаларының 20-сынышы томына кіріп кетінші. Кітаптың соңындағы түсініктемеде Әшим Қарақызыұлының көшірмесінен алынды деп жазылған.

— Иманжұспіткі деген өлеңге келсек, біреудің атынан өлең шығару дәстүрі шығыс әдебиетінде және қазақ ауыз әдебиетінде ертеден бар. Мысалы, пәленбай деген ақынның өзінің астындағы атымен айтсыы, біреуге жоқтау өлең шығарып беру т.б. Мәшһүрдің өз баласы Әмен атынан, бәйбішесінің атынан шығарған да өлеңдері бар. Тіпті, елге белгілі Біржан мен Сараның айттысын Әріп ақын шығарған деп жүр ғой. Сондықтан, Мәшһүрдің Иманжұспітің атынан өлең шығарғанына еш таң қалуға болмайды. Осы өлең Мәшһүр қолжазбаларының ішінде болғасын және ол кісі өз өлеңім деп тұрса, оны қалай кіргізбейміз? Мәшһүрдің өзі де саят құмар адам болғанын, алғыр қыран, жүйрік тазы ұстағанын білесіз. Сондықтан ол Иманжұспітің серілігіне, батырлығына, өнеріне тәнті болып шығарған шығаруы мүмкін. Ал, «Жүдей хан әңгімесі» деген өлеңді қайта бір қарau керек еken. Мүмкін қолжазбаның ішінде болғасын, қателік кеткен шығар.

— Әңгіменізге раҳмет! Мәшһүр Жүсіп еңбектерінің қалған бөлігі жарыққа шығып, ел игілігіне айналуына тілекtesпіz!

Өз тілшіміз

Сәдуақас (Сәкен) халғе Фылмани,
(1890-1972). Белгілі дін қайраткері,
шығым, аудармашы, ақын, фольклоршы.
Шткен ғасырдың алпысынышы жылдары
тұнғыш рет 1000 беттік арабаша-
қазақша сөздік жасаған адам. 1952-
72 жылдары Орта Азия мен Қазақстан
мұсылмандарының діни басқармасы
жүйесінде Қазақстанның Бас қазы
шығында атқарған. Ерейментау жерінің
тұмасы. Кеңес өкіметі орнағасын
куғынға түсін, көп жылдар Омбы
жығында басқа бір адамның құжатымен
жүрген. Төмендегі әңгіме С. Фылманидың
«Заманамызда болған гұламалардың
ғұмыр тарихтары» атты кітабынан
алынды (Алматы, 2015)



МӘШНҮР ЖҰСІП ЖАЙЛЫ БІРАЗ СӨЗ

Халық аузында Сүйіндік деген таптан шықсан, мөлшерден асқан бір сөз жүрді. Әсіресе, 1930-31 жылдары ел ішіне кеңінен тарады. Ол сөз былай еді: «Мәшнүр Жұсіп деген елден асқан әулие екен, тіпті өзінің өletін күнін біліп, қабірін қаздырып қойыпты. Және сыйласып отырған Айдабол-Қаржас еліне: «Мені жақсы көртіндерің рас болса, тірімде бата қылындар, көріп кетейін» – депті. Сейтіп, ауыл басы саба-саба қымыз, қой апарып, қабірінің қасында думан өткізіп жатыр. Бір жазда қырық бес қой, жетпіс саба қымыз барыпты» – деген гу-гу сөздер жетіп жатты. Осының барлығының рас-өтірігін білу үшін өзіне жолығып, болмаса хат жазып сұрауға дәл сол заманда қысын да жоқ, жалтақтаған бір халде едік.

1931 жылы Өлеңті деген өзеннің сырт жағалауын қоныс қылып, Қаржас, Құлік, Қозған деген елдермен аралас отырдық. Бір күні Қаржас ауылының азamatы Қазыкен Әнәпия баласы Баянға жүреді, сол жерде атқару комитетінде қызмет істейтін інісі Сұлтанның соғымын апарады және Мәшнүрге сәлем бере барады деген сөз естідім. Осының анығын білейін деп Қазыкеннің үйіне барсам, ертең жүрем деп отыр екен. Сапарының мәнісін сұрап едім:

— Сұлтанға соғым апарып берейін және ілім ғайып уақыт қой, Мәшнүрді бір көріп, бала-шағаммен барып, батасын алып қайтайдын деп ниет етіп отырмын. Мәшнүр моллаға арнап бір семіз тай апармақпын, – деді.

— Осы ниетінді сырттай естіп, әдейі келіп отырмын, бір аманат сөзім бар, соны орындаң қайтсан, — деп өтіндім.

— Ой, тақсыр, неге орындаңмын, айтыңыз! — деді.

— Қазіргі уақытта Мәшһүр туралы көп әңгіме айтылып жүртой. Соның шыны қайсы, өтірігі қайсы, бір ауыз қоспа жасамай, маған анық хабар әкеліп берсеңіз, — деп, бұйымтайымды жеткіздім.

Сейтіп, күндерден күндер өтіп, «Қазыкен Баяннан келіпті» деген хабар тиғесін, көрген-білгенін естімекке тағы да ауылына әдейілеп бардым.

Сондағы Қазыкеннің әңгімесі:

— Намаздыгер уақытында молла Мәшһүрдің ауылының маңайына жеттік. Бір айғыр үйірі жылқысы бар, биесін жаңа ғана ағытып, жайылып барады екен. Әдейі іздең келе жатқанда, молла үйінде болса жақсы болар еді деп ойладым іштей. Сосын қасымдағы жолдасыма: «Сен қараши, молланың жылқысының ішінде өзінің мініп жүретін торы аты бар ма екен? Егер торы ат көрінсе, ол кісі үйінде болуы керек» — дедім. Торы ат бәрімізге белгілі ат болатын.

— Эне, торы ат жылқының ішінде кетіп барады, — деді жолдастым.

Оны естігесін қуанып, молланікіне барып түстік. Үйге кіріп сәлем беріп, ел-жүрттың амандығын сұрасып отырмыз, байқаймын Мәшекең әлсін-әлсін «әл-хамду-ли-л-Лаһ» қайталай берді. Осының мәнісін білгім келіп:

— Тақсыр, сіздер Аллаға құлшылық етуден жаңылмаған адамсыздар. Бірақ осыншама «хамд-шүкірді» көп айтудың себебі не? — деп сұрадым.

— Ей, Қазыкенжан-ай, себепсіз нәрсе бола ма? Таңертеңгі шаһымды ішкесін атшымды шақырып, торы атты арбаға жек, мына бір ауылға барып қайтайды әдем. Ат жегіліп даяр болғанда, маған бір ой түсті. Сол ауылда сондай тығыз жұмысым жоқ, жай әшейін әңгімелесіп, көңіл көтеру үшін бара жатырмын. Егер алыстан бір адамдар маған сәлем берем деп келе қалса, мен үйде жоқ болсам, мақрум болып, ренжіп қайтады ғой деп ойладым. Сосын атты қайтадан доғартып, отырып қалдым. Міне, алыс жолдан іздең өздерің келіп отырсыңдар. Алла Тағаланың жүрекіме сондай ой салғанына қуанып, «хамд-шүкірді» көп айтудың себебі не? — деп сұрадым.

— Сіз осыны өзіңіздің кереметіңізбен біліп отырсыз ғой, бірақ кереметпін деп айтпайсыз?

— Эй, Қазыкенжан-ай, маған кәрәмат қайдан келеді? Міне, көрмейсің бе, құйрығымды жууга қолым жетпейді, мен бір отырған боққөт адаммын. (Мәшекең өмірінің соңғы кезінде тым толып кеткен). Ондай адамнан қандай кәрәмат күтүгеге болады? Бұл кәрәматтық емес, бұл — Алланың жүрекке салғаны болады. Бір сөзді

Алла жүрекке салады, соны пендесі сөйлеп қалады. Сол сөйлеп қалғаны түбінде дәл келеді. Шырағым, бұл пенденің өзінің білгені емес, Алланың салғаны!

Сосын келініне қарап:

— Эй, балам! Ана әбдіраны ашып, ішіндегі қара mestің үстіңгісін алып берші, — деді.

Келіні әкеліп берген қағазды ашып, бір ауыз өлеңін оқыды. Ол өлеңнің жазылған жылын да белгілеп қойған еken, тұра 32 жыл болыпты.

«Байлар-ау, бердің зекет атаң басы,
Жинаған сол байлығың – жанның қасы.

Ішпей-жемей жинаған бар малдарың,
Жоқ-жітік кедейлердің сыбағасы» – деп келеді ол өлеңі.

— Шырағым, мына өлеңнің жазылғанына тұра 32 жыл болыпты. Ол заманда осы заманың халы, не болары түсімізге де кірмейтін. Мен ол кезде байлардың малын қампескелеп, жарлы-жалшыларға таратып беретінін қайдан білем? Алла жүрекке салды, мен соны сөйледім, ал соның 32 жылдан соң дәл келгенін міне, көріп отырың, — деп жылады Мәшекен.

— Тақсыр, біздің осында келетінімізді ойыңызға Алла салған еken. Ал, енді өзіңіздің өлетініңізді кереметпен біліп, қабіріңізді қаздырып қойып отырған жоқсыз ба?

— Шырағым, ғайыпты Алла ғана біледі. Пайғамбарлар да ғайыпты білмейді. Мен қашан өлетінімді білгендіктен қабір қаздырып отырған жоқпын. Өзіңе көр қазып қою сарап деп ғалымдар айтқан, мен соның қабірлігін жасаттым. Ал, 72-73 жаста өлемін дегенді қайдан білетінімді айтайын. Бұхарай-Шәріпте оқуда жүргенімде, бір күні Кекілташ медресесінен шығып келе жатыр едім, көлденең көшеден Бұхара халқына мәшһүр, атышулы бір диуана бар еді, сол шыға келді. Өзін халық өте сыйлайтын еді. Жаңағы кісіні көргесін, әдепсіздік болар деп, жолын кеспей тұрып қалдым. Әлгі диуана жаңыма жетіп, алдыма бір шығып, артыма бір шығып, арқама наизасын тіреп: «Жетпіс екі, жетпіс үш, жетпіс екі, жетпіс үш» – деп өте шықты. Айран-асыр болып, 72-73 деген сан бұның аузына Алла Тағала салып тұрған менің ғұмырымның ұзақтығы болар деп ойладым. Сөйтіп, 72-73 күнді тостым, айды тостым, өлмедім. Сосын 72-73 жыл болар деп ойладым. Қазір 71 жасым аяқталуға жақын, 72 келе жатыр. Егер сол диуананың аузына Алла салған сөз болса, менің ажалым 72-73 жасымда болар деп күтіп отырмын, — деді Мәшһүр Жұсіп.

«Мәшһүрдің айтқаны осы, менің естігенім осы» – деп, Қазықен бастан-аяқ болған әңгімені баяндаپ берді. Мен сондан кейін ғана халық айтып жүрген «Мәшһүр ғайыпты болжайды» деген сөздің түпкі негізі қайда жатқанын түсінгендей boldым.

Мәшһүр Жұсіп пен Тоқан (Тоқмұхаммет) хазірет

Бір уақыттарда Сүйіндік табынан, оның ішінде Күлік-Тілеуімбет руынан Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы мен Тоқан хазірет Домаұлы Өлеңті өзенінің бойында қыстап отырған Мәшһүрдің ағайындары Шикібас ауылында кездесіп, мәжілістес болып, бір қонып тарқасады екен. Соңда Шикібас қажы Мәшһүрден: «Қанжығалының хазіретін көрдіңіз, аз уақыт мәжілістес болдыңыз. Қалай сынадыңыз?» – деп сұрағанда, Мәшһүр: «Тоқанның ғылымының айналасы жартас, суваты жоқ терең қара су сияқты екен!» – деп баға бергенін Мәшһүрдің немере інісі Әбілғазы марқұм Мағрупұлы айтЫп еді.

Бұл Әбілғазы Мағруп баласы Мәшһүрмен немере туыс болып келеді. Мағруп – Мәшһүрдің әкесі Көпжасардың (Көпей сопы) інісі. Біз Ерейментаудың Тойғанқөлінде Ақтамақ халфеден сабақ алыш жүргенде, Әбілғазы сол жерде Шарқы-молладан сабақ алыш жүрді. Көп тұрағы болмай, ғылымды орынды таҳсил ете алмаған.

Бастапқы кезінде Қазан қаласында Фалымжан әл-Баруди алдында сарфтан оқыған. Содан кейін біздің медреседе аз уақыт болып, кейін менің ашқан медресемде оқып жүріп, 1931 жылы біз ғылым оқытудан тоқталып, белгілі мекеніміз бола алмай, Өлеңті өзенінің сыртқы жағында отырған марқұм Төкім (Төлеубай) Айтжан баласының үйін қыстағанымызда, өзеннің ығында Күлік Шикібас қажының ауылы отырды. Негізі ол ауыл Әбілғазының өз ауылы, өз ағайындары еді. Күндіз келіп, мен үйде болғанда сабақ алыш жүрді. Бірақ қыстың ақырында халықтың басына ауырлық түсіп, күн көріс ауырлап, бірін-бірі талап жеуге айналғанда, тәсекорның аяң-жорғасы бар қызыл-кек атына артып, қатынын жаяу ертіп, «енді мен Баяндағы Мәшһүрге барам» деп кетіп еді. Сол жазда халықтың азық-түлігін үрлап жүрген бір жауыздар жолшыбай Әбілғазыға кездесіп, өзін өлтіріп, атын алыш кетіпті. Оны сол жақтан қатынасқандар айтып келді. Ол уақытта жасы 60-тан асқан кезі еді. Алла рахметінде қылып, шаһиттер қатарына қоссын!

Осы Әбілғазы марқұм немере ағасы Мәшһүрдің сөзін, мінез-құлқын бізге әңгімелеп тұруши еді. Сол әңгімелерінің бірі: Қанжығалы Тоқан хазірет күлік Шикібас қажының үйіне келіп, түстеніп кетіп жүреді екен. (Шикібас қажының шын аты – Ыңқақ болуы кеп). Осылай бір келгенінде Шикібас Тоқан хазіретке:

— Тақсыр хазірет, Мәшһүр біздің ет жақын туысымыз. Құлболдының Күлік деген табынан Тілеуімбет болып бөлінеміз. Біздің оқыған зор ғалымымыз сол Мәшһүр. Бірақ біздің ортамызды тастап, Баяндағы Айдабол-Қаржас ішіне барып мекендереп отыр. Соны біз намыс қыламыз. Айдабол бір жағынан оның қайын жұрты. Сіз Мәшһүрге шаригат жолымен бір хат жазып, туыс-туғандарының ортасына қайтып орал деп ақыл салыңызшы! – дейді

Тоқан хазірет оның сөзін қабыл алғып, Мәшһүрге төмендегідей мазмұнда хат жазып береді: «*Йа айиуха-н-нас, инна халақнакум мин закар уа унса уа джаса*алнакум шу*убан уа қаба*ил ли-та*арафу*» (ал-айа), «*Силлу архамакум*» (ал-хадис) «*Молла Тоқмұхаммет*».

Мәшүрдің оған қайтарған жауабы: «*Фафирурру ила-л-Лах (аят). Ал-Фирар мимма ла йутақ мин сунан ал-мурсалин*» (хадис-машхур).

Осы екі хатты бізге көрсеткен Әбілғазы бұлардың мазмұны қалай, түсіндіріп берші деп сұрады.

— Эй, Эбеке-ай, баяғыдан бергі оқыған окуыңыз қайда, осыған шамаңыз жетпеді ме? – деп әзілдеген мен әлгі хаттарды оқып, мағынасын айтып бердім.

Тоқан хазірет бір аят, бір хадис жазыпты, мазмұны былай: «Мен адамдарды әйел, ерек қылып жаратып, олардан үлт, қауым, қабиля, ру жасадым. Бірін-бірі тану үшін». Бұның мағынасы: «Сен Күлік руынан емесің бе, өз жақыныңмен бірге болуың керек еді» – деген сөз. Ал, хадистың мазмұны: «Жақыныңа сый-рақым қылуың керек, аранды үзбе, байланыс жасап отыр. Олардан бөлініп, басқа жаққа кету жол емес» – дегенге сяды.

Ал, Мәшһүрдің хатына келсек: «Құранда: «Аллаға қашындар». Хадисте: «Күштен асқан істен қашу – пайғамбар жолы» – депті. Ол сөздің мағынасы: «Күлік деген ел бұзақы, адамгершілік, құдайшылық жолда журмегесін, айтқан сөзіме көндіре алмағасын, айтқан шаригатыма көнетін, ғылымды сыйлайтын ел – Айдабол мен Қаржас, сондықтан солардың ішінде отырмын» – дегенді білдірсе керек.

Бұны естіген Әбілғазы: «*Ойпырмай, қалай терең жазылған хаттар!*» – деп таң қалды деп жазады Сәкен халфе Ғылмани.

Сүлеймен Баязитов,

Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі,
Баянауыл ауданының құрметті
азаматы. Проза, поэзия, балалар
әдебиеті жанрынды оннан аса
кітаптары шыққан. Орыс, шет ел
әдебиетінің классиктері – Ф. Тютчевтің,
Л. Украинканың, Пабло Неруданың,
Р. Бехердің, Марк Твеннің, Ирвинг
Вашингтонның, Омар Хайямның,
жергілікті орыс ақыны О. Григорьеваның,
Елена Игнатовскаяның шығармаларын
қазақ тіліне аударған. 2014ж. «Қазақмыс»
корпорациясы мен Қазақстан Жазушылар
одағы үйымдастырған «Балауса» әдеби
конкурсының жүлдесіне ие болған



МӘШЕКЕНІҢ «ТҰРМЫС ЖАЙЫНДА...» МАҚАЛАСЫ ХАҚЫНДА

«Дала Уалаятының газеті» (Алматы. Ғылым. 1994) жинағын
құрастыруши, филология ғылымының кандидаты Ү. Суханбер-
дина өзінің беташар мақаласында: «Газет қазақ халқының қо-
ғамдық- әлеуметтік ой- пікірін оятуға, мәдени, әдеби түсінігінің
молая беруіне едәуір әсер етті. Саяси-экономикалық мәселелер-
мен қатар, оқу-ағарту ісінің жай-күйі, өнер білімінің пайдасы, қа-
зақ әдебиетінің хал-қадірі, қазақ оқырмандары мен ғалымдары-
ның өмірі жайлы бірқыдыру құнды мақалалар, хабарлар жария-
ланды» – деп жазады. Газет бетінде Шоқан Үәлихановтың, Абай
Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Мәшһүр Жұсіп Көпееев
пен Шәкәрім Құдайбердиевтің, Әлихан Бекейхановтың өмір де-
ректерін басумен қатар, газет аталған авторлардың мақалары мен
хабарларын үзбей беріп тұрганын атап көрсеткен. Мұның өзі сол
тұста халқымыздың елеулі тұлғаларын қазақ оқырмандарының
танып білуіне ықпал етті. Басылымның қазақтар үшін, ұлттымыз
үшін қаншалықты рөл атқарғанын айқындай түседі. «Дала уалая-
ты газетінің» Баянауылдағы тілшілері Мәшһүр Жұсіп Көпееев пен
Садуақас Мұсаұлы Шорманов өздері жазған мақала хабарларын-
да шаруашылық, оқу-ағарту ісі, мәдени өмір, әдет-ғұрып, салт-са-
на туралы құнды деректер үсінде белгілі. Соның бірі Мәшекенің
«Дала Уалаяты газетінде» (20-сыншы саны) жарық көрген тұрмыс
жайындағы «Хабарлар» атты мақаласы болса керек. Автор атал-

ған мақалада: «Биылғы қыс көшпелі халықтың есінен қалмастай болды. Марттың басы әбдікейде күн түске шейін құлақтанып, бір жылынып, бір суып түр еді. Түстен кейін жел оңынан шығып, солғындау боран болды» – дейді.

Мәшекеңнің жазысына қарағанда, ауа-райы марттың аяғына дейін біресе балтырдан қар жауып, біресе еріп, мал бақсан шаруаға оң қабақ танытпаған сыйайлы. «Ақыры, бір күннен бір күн сұық болып, жел шығып, сүйегі жүқарып, шыңы жетіп тұрған мал даладан шөп жей алмады. Алты айға деп өлшеп үйген пішен қыс жеті ай болып кеткен соң таусылып, қолдан саларға дәнеңе болмады. Қой, қозы жалғыз-жарымдап өле бастады. Қозысын көтере алмай, көтерем болып саулық өлді. Енесінен сүт шықпай, тамаққа жарымай, қозы өлді». Осы келтірлген үзіндідегі Мәшекеңнің табиғат құбылысын моншақтай тізіп сөйлеуіне қарағанда, әр күнді қағазға ерінбей, жалықпай жазып отырды ма, жоқ әлде жады соншалықты берік болды ма екен деген ойға қаласын.

«Азығы таусылған ел ашығуға айналды. Сорлы балаға сорлы катын жолығады дегендей, Баянауыл, Қызылтау, Далба үшеуінің ортасында сегіз болыс Сүйіндіктің байлары, мал иелерінің өздері де ашаршылық көрді». «Әйтседе, – дейді Мәшекен, – амал тауып аш болмауға тырысты».

Ғұламаның осы сезінде удай мысқылмен қатар қышқыл кесін де бар сыйайлы. Бекен байдан пұтын екі теңгеден үн сатып алғандарын баяндай келіп, енді турасына көшеді: «Бекенді қызған үн сатқаны үшін ғұламаттасындар. Рас, мұнысы мақұл емес, әйтсе де астықты көп қылып сатып алсаңдар, сөйтіп, қыс қатты болған жылы кедей бейшараларға тиісті бағамен сатсаңыздар, зиян болар ма еді?» – деп сауал тастайды. – Сонда Бекен қуға алданбай, өздерің де, кедейлер де тоқ болар едіңдер».

Соқырға таяқ ұстатаңдай, надан бейшара байлардың көкірек көзін ашатын осы мақала оларға қаншалықты ой салғанын кім білсін?! Қалай десек те, таңданып таңдай қағар ұсыныс. Енді бір сәт мақаладағы ғұламаның сез қолданысына көз жүгіртейік. «Жердің қарлысынан қарасы... тойынып тырандал... Жердің жүзі жұмыртқадай аппақ... әр нәрсе өз-өзіне келіп қалды... сүйегі жүқарып, шыңы жетіп... жалғыз-жарымдап...»

Ал, «сөз өнері дертпен тең» деп біліп, үнемі ізденіс үстінде жүретін, тілші, журналист болуға талаптанған бауырлар осы мақаладағы Мәшекеңнің аузынан төгілген ақ маржан деуге тұрарлық сөз тіркестері сіздер мен біздерге тәбәрік болсын деген оймен, тізіп жазуды жөн көрдім. Қабыл алып қана қоймай, қағып алсаңдар, ғұлама бабаның ерен еңбегінің аз да болсын өтелгені болар еді-ау.

Мәшһүр Жұсін: Тұысқан-бауырларыма бір насхат

«Әй, қазақ ағайындар! Жылдан жылға кедей болып, жоқ жерде малдарыңдан айрылып қалып, күн асқан сайын кеміп барамыз, мұны кімнен көресіз?! «Қыс алды, боран алды», – дейсіз, қыс пен боран алатұғын болса, қоян неге өлмейді, торғай неге өлмейді? Бораннан ығып, сүйектан үсініп бір қоянның, бір торғайдың өлгенін көрген жан жоқ. Қазақта бір мақал бар «Жаман – құдайшыл келеді» дейді. Ол сөздің мағынасы Құдай, Құдайдың жазуымен болды десеңіз, бұл сөздің тұрғаны теріс. Өзі жаратқан мұлкін, өзі бар қылған мақұлығын Құдай неге қырады? Кім болса, ол болсын, өзі жасаған нәрсесін өзі бұзбайды. Құдай тәбәрак оттағала мұнша жаратқан мақұлығын жоқ қылуға мөлшер қылған болжалды мезгілі бар. Ол мезгіл Ысырапыл (Исраиф) періштенің сұрын (сорын) үруімен (үруымен) болмақ. Немесе осы болған борандарды Ысырапыл періште сұрын үрді деп білесіздер мә?! Жоқ, жоқ! Ысырапыл періште үрса дүниеден не қалмақ? Онда дәнеме қалмақшы емес!».

Удай кекесінге, мысқылға, өкінішке, күйзеліске толы осы жолдарды оқи отырып, Мәшекенің оқырмандарымен бөліспек ойна қызығушылығың арта түседі, ынтыға оқисыз. Оның не айтпағын білуге асығасыз. Ол бұл дүниеде үстерінен қарап тұрған патша Ағзам Хазіреттерінің барлығын, оның Нығыметтерін оқырмандарының есіне салады. Оның ең бастысы, үстінен қарап тұрған патшасына шын көңілмен тілеулес болу: Мұнан әрі құдышеті күшті Құдайдың ықпалымен патша Ағзамның қазған жолында, шашылған топырағында болудың қажеттігін айтады. Біз осы күнде ел аралайтын жаудан, ірге аралайтын даудан, аузы қанды бөріден, қолы қанды үрідан аман, тыныш тұрсақ, патша Ағзам Хазіреттерінің жанұясында болғандықтан деп тұжырым жасайды. XX ғасырда қазақ уалаятында болған Қоқан заманынан мысал келтіреді. Сол тұста қазақта бұл күнде үмыт болған «Ақ жалау барда, малым бар деме, әзірейіл барда, жаным бар деме» деген мақалды келтіреді. Қоқан хандығының ел шабатын қосыны «ақ жалау» атанған. Ол ат үстінде жүргенде, қазақтың малында, қатын мен қызында да ерік болмады. Ерлерді өлтіріп, қатындарын күндікке алғып кетті. Жалғыз-жарым еркектерді тірі алғып кетіп, құлдыққа сатты. Мәшекен сол зорлық-зомбылықты көзімен көрген, тірі қалған шал-кемпірлердің талайымен өзінің ел аралаған сапарында кездесіп, кеңескен. Мәшһүр бабамыздың осы жазбаларын оқығанда, қазіргі кезде айнала төңірегімізде болып жатқан түрлі-түсті революциялар, жазықсыз оққа үшқан ерлер, еңіреп егілген жетімдер мен жесірлер, күйрекен қала, жер жаһанды кезіп кеткен босқындар ойға оралады... Соның бәрі өлерін білмейтін өр көкірек меммендіктен бас-

тау алатыны қаншалықты өкінішті десенізші. Алланың жаратқан пендесі бірден-бірі кемшіліктен ада (тіпті ол патша Ағзам болса да) деуден аулақпыш. Тек ақылға салар, ақылмен шешер мәселені мылтықтың ұңғысы арқылы шешу бізге өмір сыйлас, шексіз бақытқа бөлеген Жаратқан иеміздің алдында кешірілмес күнә емес

пе?

«Шын көз жасымен заманның түзелмегінен үміт қылып, Құдайдан сұраса, заманның түзелуіне, әркімнің істеген ісі ілгері басуына мен кепіл», – дейді Мәшекен. «Құдай тәбәрік оттағаланың сезі құранды қараңдар, пайғамбар сезі хадисті қараңдар, сол екеуінде айтылған сез халел болса, не қылсандар сол қылындар мен ырзымын», – деген екен Мәшекен. Әулиеден асырып біз не айта ала-
мыз? Алла, өзің оңыңа бастай гөр!

Сол заманда ұлы Абай: «Единаца болмаса, не болады өңкей нөл?», – деп күйіне жырласа, Мәшін Жұсіп: «Біздің қазақ бейшара «ораза жоқ, намаз жоқ, құдай деген жанбызы» деп жүріп шаруа күтіп, мал бағып, ғылым мен білімнен, әр түрлі ғибратлы өнерлерден... единица болмай, нөл орнында қалған жұрт еді», – деп ашына қалам тербейді.


Мұнан әрі Мәшекен оқырмандарына «Қазақ ішіне кім келеді?» – деп сауал тастав отырып, өз сауалына өзі: «Оннан қашқан, мұннан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді» – деп жауап береді және соның бәрі де қазақты жер-көкке түсірмей мақтайды келеді», – дейді. Ал олардың: «Дін де сенде, әулиелік те сенде, адамгершілік те сенде», – деген мақтаулары елден екі адым аттап шықпаған, көрген баққаны өзінің, ағайындарының отбасы, ошақ қасы, жесірге, жерге таласқан алтыбақан алауыз елі, әрі кеткенде арыз қуып, кейбірі дуан орталығына ат басын тіреген, көргені кем, білгені жоқтың қасы сорлы қазақтың басын шыр көбелек айналдырып, мақтаншақ меммен көңілін аспандатпағанда қайтсін? Әсіресе, өзін әпенди атаған құлар: «Мекке, Мәдінада өліп барамын десен, аузыңа бір қасық су тамызар жан жоқ, Әулие онда емес, мұнда... шарапат онда емес, мұнда, Машайық та осында», – деген сөздерді естігендеге, шала есті саутасыз қазақтың көбі: «Біз болған екенбіз... Құдайдың бізден аяған дәнеңесі жоқ екен», – деп жер баспай қалады екен. «Асқанға – аспан аласа, тойғанға – тоқты еті топырақ» демекші, қазақтан өзге жұрт адамгершіліктен, инабаттан ада, аштан өлейін деп, қырылайын деп түр екен деген ойға беріледі. Бес парыздың өзін дұрыс орында майтын, Құдайдың оң назарына іліктік екен? Осының өзі қырық өтіріктің бірі емес пе екен деген ой бірде-бірінің қаперіне енбейтінің қайтерсін? Оның орнына төрт түлік малдан асқан асыл жоқ, қазақтан асқан асыл жұрт жоқ,

Сарыарқадай жер жоқ деп күпініп, күндерін өткізген. «Елді қортық бұлдіреді деген осы», – деп түйіндейді Мәшекен.

«Айқап» журналының 1912 жылғы № 7-8 сандарында жарық көрген бұл мақаланың сол тұстағы журнал оқырмандарын бейжай қалдырмағаны анық. Ой саларлық дүние. Мақала сауаттысыйнан сауаттызы көп көшпелі жұрт арасында ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа жетіп, қызу талқыланған да болар, өйткені көтеріліп отырған мәселелер қазақ үшін сол кезді былай қойып, тіпті бүгінгі күні де маңызын жоғалтқан жоқ, жоғалтпақшы да емес. Мақаланың екінші бөлігі қазақ бойындағы ұлы мін – маңтаншақтық, парықсыздыққа, өтірік пен шындықтың ара жігін аңғара алмауға арналған екен. Осындағы Мәшін әулиенің ерекше сез салтасына азды-кем тоқтала кетейік. «Құдайдың бүйрығынан... патшаның құрығынан... Құдайды ұзын құлақтан зорға естіп жүрген... Шөптің басынан үріккен қойдай... ай жарықта көлеңкесінен қорыққан қояндай... ғұмыр бойы өзімен жерлес, сулас, оттас, ораздас... нағанышылық ғапылдықты...».

Тіл үйренсем, шешендік өнерді менгерсем, жатық жазуға үйренсем деген жас талапкерге Мәшекен еңбектерінің берері көп. Бір сөзben, дананың даралығын ой көзімен барлап, жақұтын толғап, теріп ала біл. Сонда ғана көсегең көгермек, ой өрісің кеңеймек.

P.S. Мәшекенің басылым беттерінде жарық көрген мақалаларын өзімізше талдай отырып, оны бірде-бір рет «журналист» деп атамадық. Бір күн газетте қызмет істемесе де, бірлі-жарым бірдеңелері жарық көрген, кеуделеріне Одақ мүшесі белгісін тағып алып, аттыға жол, жаяуға сез бермейтін кейір қадірсіз қарттар күні ертең Мәшекен де мен сияқты журналист екен ғой деп кеуде қағып шыға келмесіне, сөйтіп, Мәшекенің атына көлеңке түсірмесіне кім кепіл?! Алла, өзі сақтағай!



Шығармалар жаңа өткізу күндерінде табиғаттағы көзінен шығады. Ақындардың шығармаларының көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады. Егер кеңесінің көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады, олардың көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады. Егер кеңесінің көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады, олардың көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады. Егер кеңесінің көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады, олардың көзінен шығарылған шығармалардың көзінен шығады.

Бақтыбай Амантаев,
Екібастұз қалалық ардагерлер
кеңесінің төрағасы



ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУ - ҰРПАҚҚА ПАРЫЗ

Кейінгі жылдары Мәшінүр Жұсіп бабамыздың шығармалары жсан-жсақты насиҳатталып, оның айпара тұлғасы барынша айшиқталып жатыр. Мәшінүр мұрасы халықтың рухани қазынасына қосылған қомақты үлес десек, оның адами болмысының өзі естіген жанды таң қалдырып, феномен ретінде қабылдануда. Эрине, Мәшінүр - осынысымен Мәшінүр.

Ғұламаның атын әспетеу барысында айтарлықтай іс атқарып жүрген Екібастұз қаласындағы Мәшінүр Жұсіп қорғамдық қоры. Осы қор мен жергілікті ұлтжанды азаматтар ана бір жылдары теріс ойлы талайлардың қарсылығына қарамастан, Екібастұздың Ленин атындағы орталық көшесін Мәшінүр Жұсіптің атына беруге аянбай кірісіп, ақыры аяғына жеткізіп тынғанын білеміз. Атамыш қордың төрағасы Бақтыбай Амантаев атты ақсақал. Биылғы жылды осы қордың атсалысуымен Екібастұздың өзі аттас көшесінде Мәшінүр бабаның зәулім ескерткіші бой көтерді. Төменде осындай өн істердің қалай атқарылғаны жайлы Бақтыбай Бүкірұлының шағын естелігін беріп отырмыз.

Редакция

Бұл 2008 болған еді. Ол кезде қалының әкімі Нұрлан Нәбиев деңгей азамат. Екібастұздағы № 22 мектептің жанында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ескерткіш-бюсті орнатылып, соған жиналғанбыз. Қалалық газеттің редакторы, марқұм Амангелді Қаңтарбаев екеуміз топтан шеткерек тұр едік, Нұрлан Абзalұлы біздерге жақындалп келіп:

— Азаматтар, биыл Мәшекенің туғанына 150 жыл толып жатыр, сондықтан қаланың бір көшесін сол кісінің атына ауыстырылғанын естелігін беріп отырмыз.

47

ру жөнінде жұмыс жүргізсеңіздер дұрыс болар еді, – деген өзінің ойын айтты.

Мынадай ұсынысқа біздер қуана келісіп, осы шаруаны ұзатпай қолға алып, жеті адам құрылтайшы болып, Мәшһүр Жұсіп бабаның атына қор құрып, жұмысты бастап кеттік. Және Мәшекенендің атына анау-мынау емес, қаланың дәл ортасындағы Ленин көшесін таңда-дық. Сөйтіп, сол көшеде тұратын тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізе бастадық. Мен ол кезде қалалық поштаниң бастығы едім, Ленин көшесіне қызмет көрсететін жеті пошташым болған. Солар арқылы тұрғындарға хат жолдап, қол жинай бастадық. Бір жақсы жері, халықтың көбі, оның ішінде ұлты басқалардың біра-зы бізді қолдады. Бірақ өз ұлттымыздан шыққан кейбір адамдардың қарсылық танытқаны әлі есімде. Теріс көзқарастағы басқа да адамдар келіспейтіндерін білдіріп жатты. Эсіреле, табанды қарсылық көрсеткен Станислав Куржей деген адам болды. Ол өзі Еңбек ері атағы бар, қалада беделі аса зор кісі еді. Табандап тұрып алды. Тіпті болмағасын, қасыма жергілікті өлкетанушы-қаламгер, эконо-мика ғылымдарының кандидаты Серік Жақсыбаев ағамызды ертіп апардым. Себебі, ол екеуі кеніште талай жылдар қызметтес болған кісілер. Бірақ Куржей айтқанынан қайтпады. «Мен тұрғанда, кө-шениң атауы өзгермейді!» – деп біржола кесіп айтты. Куржейден басқа қала әкімінің орынбасары болған Бауэр деген бар еді, ол да қол қоюдан бас тартты. Өзіміздің біраз қандас бауырларымыздың біразы хатқа қол қойғысы келмеді. Айтатын сылтаулары: «Бұл ре-зервтегі көше, ертеңгі күні Президенттің атына ұсынамыз» – дейді. Біз айтамыз: «Елбасына көше берсек, Екібастұз емес, облыс орталы-ғы лайық болар еді» – деп. Сөйтіп талас-тартыспен жүріп жаттық.

Эрине, жұмыс жүргізіп жүрген жалғыз мен емеспін, жанымда жергілікті ұлт жанашырлары бар. Мысалы, Женіс Мейірманова деген апамыз жергілікті газетке Куржейдің атына ашық хат жазып, ақылға шақырды. Кезінде қалалық милицияның бастығы болған Болат Эбенов атты азамат «Өнер» мәдениет үйінде өткен ұлken жиында Куржейдің теріс әрекетін бетіне басып, қатты сөйлегені әлі есімізде. Тіпті, Куржей сол жерден жиынды тастап шығып кетіп еді.

Дегенмен бұндай кертартпаларға қарап тұрған ештеңе жоқ, қолдаушылардың басқа тізімін жасадық. Оның ішінде өз ұлттымыздан шыққан Қали Кәленов, Бекен Қызыгарин деген екі Еңбек ері бар еді. Сөйтіп біздің қолдайтын басым дауыс жинап алып едік. Көпшілік қол қойған осы хатымызды қалалық мәслихатқа тап-сырдық. Бірақ дәл осы уақытта халық санағы басталып кетіп, сол кездегі мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев санақ өткенше бас-қадай шаралар тоқтатылсын деген ұсыныс енгізген. Сол себептен бастаған жұмысымыз тоқтаңқырап қалды.

Дегенмен байқап жүреміз, басқа облыстарда бұл секілді шаруалар біртінде атқарылып жатқан сияқты. Тіпті мына іргедегі Ақсу қаласының бір көшесін Астана деп өзгертуі дәл осы санақтың кезінде. Бұны көргесін, Саудабаев мырзаның өзіне қордың атынан хат жазуға тұра келді. Құдай сәтін салғанда, көп ұзамай, ол кісіден «танымал адамдарға беруге болады» деген жауап келе қалды. Кейін қордың тәрағасы ретінде осы жауап-хатты қолыма алып, қалалық мәслихаттың жиналасында сойлем, ақыры барлық депутаттар көшени Мәшһүр Жұсіптің атына ауыстыруды қолдан дауыс берді. Сөйтіп, ондаған жылдар Ленин атымен аталып келген көше, Мәшһүр Жұсіп көшесі болып өзгеріп шыға келді.

Енді жуырда орнатылған ескерткіш мәселесіне келсек, бұл ертеден ойымызда жүретін шаруа еді. Осы ескерткішті орнатуға бірнеше жер де таңдалды. Мысалы, темір жол вокзалының алдында қаланың символы ретінде эксковатордың ожауы тұратын. Соны алып тастап, орнына қоямыз ба деген ой болды. Болмаса, «Қазақтелеком» ғимаратының алдына орнатсақ дедік. Бірақ бұл жұмыс нақты қолға алынып, қаржы бөліне қоймады. Сөйтіп жүргенде, 2016 жылы қалаға әкім болып Қайрат Нұкенов деген азамат келді. Сол кісіге арнайы кіріп, жағдайды айттым. «Мәшһүр Жұсіптің атында қор бар еді, бірнеше жылдан бері жұмыс істемей, жай тұр. Енді бұны жауып тастаймын ба, не істесем еken? Ал, негізі ол кісіге ескерткіш орнату туралы ойымыз бар еді» деп жағдайды айттым. Нұкенов: «Қорды жаппаңыз, Мәшкеңнің атында көше бар еken, енді осы көшениң бойына бір ескерткіш орнаталық, қаржы жағын іздестірем» – деді. Сөйтіп, осы жұмыс жанданып, мәдениет бөліміне мұсіншілердің арасында конкурс өткізуге тапсырыс берілді. Бірінші конкурсқа екі ғана мұсінші қатысып еді, оларға көnlіміз толмай, конкурсты екінші қайтара тағы өткіздік. Себебі, олар ғұламаның орындықта отырған бейнесін жасапты. Ал, бізге түрегеліп тұрған мұсіні керек еді. Сөйтіп, екінші конкурста қарағандылық Жаубасар Қалиев деген мұсіншінің жұмысы таңдаудан өтті. Ол кісі мұсінді жасап жатқанда, жанымызға Мәшкеңнің үрпақтарын, басқадай азаматтарды ертіп, бірнеше мәрте Қарағандыға барып, мұсіншіге ақыл-кенесімізді айтып, түзетулер жасап тұрдық. Ақыры міне, Екібастұз қаласының 60 жылдығына орайласа, бабамыздың зәулім ескерткіші бой көтерді. Қалаға келген көлік ең әуелі Мәшһүр Жұсіп көшесіне кіреді және ғұлама бабамыздың ескерткішінің жанынан өтеді. Яғни, Екібастұзға келген адам ең әуелі Мәшһүр бабамыздың ескерткішін көріп, сонымен танысады деген сез. Білмейтіндер оның кім екенін сұрап біледі. Осының өзі Мәшһүр Жұсіптің есімін насиҳаттау барысында жасалған үлкен шаруадер едім. Және бұл бүгінгі үрпақтар тарапынан әулие бабамызға жасалған үлкен құрмет деп білем.

Жанаргүл Қадырова,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
«Әкенің көзі», «Жетінши қабат»,
«Баянда тосам» атты жыр
жинақтарының авторы.

Бірнеше республикалық, аймақтық
ақындар мұшайрасының жүлдегері



ЕКІБАСТҰЗДА – КӨШЕСІ МӘШҮР ЖУСІПТІҢ

Көк Тұым бүгін толқыды ерек көшемде –
Бұл әлде менің тарихта кеткен есем бе?
Хаттар да енді қазақша қағып есікті,
Ие екенім білініп тұрад осы елге!

Жұлдыз қып қадап бейнесін жүрек тұсыма,
Білмесем тілін, өте алмай төрге, қысыла.
Еңсемді езген қашықтап кетті күндер де,
Жалтақ мінезді Намыс пен Рухым ысыра!

Көкірегіне бауырластарын қысып мың,
Ақ сәулесімен дәл төбесінен құшып Күн.
Шахталы шаһар маңдайындағы сзықтай
Жарқырап жатыр көшесі Мәшһүр Жүсіптің!

Қойныңдан сенің тауып ед қара тасты кім,
Сол айбыныңды асқақтатпай ма Мәшһүрің?
Елдіктің атын ұлықтап тұрған төрінде
Жарайсын, менің аяулы Екібастұзды!

Сайлау Байбосын

МӘШҮР ЖҰСІП пен ХАМБО-ЛАМА

Кейінгі оншақты жыл бойы Ресей баспасөзінде 75 жыл жер астында жатып, қайтадан қазылып алынған Будда діндары Хамбо-Лама Даши-Доржи Итигэлов жайлы үзбей жазылып келеді. Кезінде сенсация іздеген елді бір шу еткізген, Бурятияның Иволга дацанында (буддалықтардың діни ғибадатханасы) болған бұл оқиға әлі де жұрт аузынан түсер емес.

Хамбо-Лама Итигэлов жайлы естімегендер үшін қысқартып айтар болсақ, ол 1852 жылы Бурят жерінде дүниеге келген. Эке-шешеден ерте айырылып, дәүлетті адамдардың қойын бағады. Бірақ сол кезде-ақ «Тибетке барып оқымын, Будданың жолын қуамын» дегеннен айнымайды екен.

Қайтсе де білім алуға құмартқан ол жасы 15-ке келгенде өз тұрағынан 300 шақырым жердегі Ачинск дацанына жаяулап қашып барып, Будда ілімін игере бастайды. Соңынан үлкен діни тұлға және қоғам қайраткеріне айналған ол патшалық Ресей үкіметі тарапынан да қолдау тауып, екі ел арасында өтетін түрлі діни, қоғамдық шараларға атсалысып жүреді. Саналы ғұмырын Будда ілімінәр арнаған ламаның соңында буддалық философия мен Тибет медицинасына арнаған, көне моңғол тілінде жазылған 50-ден астам кітап қалған екен. Қолжазбалар кеңес өкіметі орнап, діни нағым-сенім кудалауға түскенде, жер астына тығылған көрінеді. Олар қазір ғана табылып, құпиясы ашылуда. Ал 2005 жылы 30 наурызда ламаның тұлғасын одан әрі құпияландыра түсетін тағы бір қолжазбасы табылған. Онда Итигэлов өзінің 12 мәрте реинкарнацияны (адамның тәні өлгенімен, жаны өлмей, басқа біреуге ауысады деген түсінік) бастан кешкенін жазыпты. Қолжазбаның мәтіні бойынша, оның бесеуі Үндістанда, бесеуі Тибетте, екеуі Бурятияда болған көрінеді.

Ең қызығы, 1927 жылы 15 маусымда 75 жастағы Хамбо-Лама медитация жасап отырып, ешбір ауырып-сырқамастан (саналы түрде) о дүниеге аттанып журе береді. Буддашыларға тән лотос күйінде отырған ол шәкірттеріне өлім аузында жатқан адамға арнаған «Нуга Намши» дүғасын окуды бұйырады. Бірақ шәкірттері тірі отырған ұстазының алдында ол дүғаны окуға дәттері бармайды. Сосын дүғаны Хамбо-Ламаның өзі бастап, оны шәкірттері қостап, ұлы ұстаз біржола мәңгіліктің әлеміне аттанып журе береді. Ламаның денесі өзінің өсietі бойынша майқарағайдан жасалған қорапқа салынып, оған тұз толтырылып, содан соң 1,5 метрлік тे-реңдікке көміледі.

Ұлы Лама көз жүмғасын бірер жылдан кейін Бурятияда дін иелерін қудалау науқаны басталады да, шәкірттері жаңа өкімет бұлдіріп жүрер деген қауіппен, оның зиратын жермен-жексен етіп таставды. Тек 1955 және 1977 жылдары Хамбо-Ламаның денесі бұлінбегеніне көз жеткізу үшін өздері құпия түрде екі мәрте қазып алып көріпти. Кеңес билігі құлағасын Итигэловтің тағы бір өснеті табылады. Онда ол өз мәйітін 2002 жылы біржола қазып алуды тапсырған екен. Сөйтіп, оның бұл өснеті орындалып, Ресей буддашыларының бүгінгі басшысы Пандито хамбо-лама XXIV Дамба Аюшевтың рұқсатымен қазылып алынып, жалпы жүртшылықтың назарына ұсынылады.

Таңғаларлығы, 75 жыл жер астында жатқан ламаның денесі ешбір бұлінбеген көрінеді. Бұлінбегені сол, терісі тірі адамдікіндей қызығылт түсті, буындары жеңіл қозғалады дейді.

Ал ғибадатхананың ішінде діни рәсім жүріп жатқан уақытта оның денесі кәдімгідей жылышып, қызуы 36-37 градусқа дейін көтеріліп, қатты терлейтіні соншалық, жібек желбекейден өтіп кетеді екен.

Ламаның шашы мен тырнағынан, терісінен үлгілер алып тексерген Ресейдің сот-медициналық сараптама орталығы олардың тірі адамға тән екенін айтқан. (Тек бір аяғында ғана болмашы жара бар екені байқалған. Таңғаларлығы, Мәшһүр бабамыздың да бір аяғының тырнағында түйреуіштің басындағы қарайған болған деседі).

Қысқаша айтқанда, бүгінде Хамбо-Лама Итигэлов тек Ресей ғана емес, әлем ғалымдарына шешуі қыын жүмбақ болып отыр.

Бір өкініштісі, Ресей басылымдары бұл секілді бұзылмай сақталған мәйіттер Азия аумағында тек Қытай мен Жапонияда, Вьетнамда ғана кездеседі, бірақ олар жансыз мумиелер, ішкі құрылыштары алынып, бальзамдалып тасталған дейді. Тіпті ресейлік кейір ақпарат құралдарының: «Ғалымдар осыған ұқсас мысалды дүние жүзінен іздел, таба алмады» деп жазғанын оқығанда, аптырау, мыналар іргесінде тұрған қазақ жерінде дәл осындай жағдайда өмірден озып, ешбір бальзамдаусыз 21 жыл ашық қабірде жатқан Мәшһүр-Жұсіп Қөпейұлы деген адамның болғанын шынымен білмей ме деп ойлайсың.

Бір айта кетерлігі, Мәшһүр-Жұсіп пен Хамбо-Лама-замандас адамдар. Лама 1852 туса, Мәшһүр-Жұсіп 1858 жылы дүниеге келген. Будда ламасы 1927 жылы 75 жасында өмірден озса, Мәшһүр бабамыз 1931 жылы күз айларының соңына қарай 73 жасында бақылыққа аттанады.

Бүгінде Мәшһүр-Жұсіп Қөпейұлының әдеби мұралары жанжақты зерттеліп, том-том кітап болып шығып жатыр. Республика жүртшылығы ол кісіні көбінесе ақын, тарихшы, философ, этног-

раф, фольклорши, аудармашы, шежіреші, дін қайраткері ретінде біледі. Ал оның ерекше қасиет иесі болғаны жөнінде осы төңірек-тегі аймақтық басылымдарда болмаса, көп жазыла қойған жоқ. Шындығында, Мәшһүрді кезінде халыққа сонша танымал еткен ақындығы, ғұламалығынан басқа, оның әулиелігі, елден ерек қасиеті екені даусыз.

Мәшһүр-Жұсіптің көзі тірісінде жасаған талай кереметтерін айтпағанда, оның ешқандай бальзамдаусыз, түзға салынбай-ақ, 21 жыл беті ашық қабірде ешбір бүлінбестен жатқанын біреу білсе, біреу білмейді!

Өзінің өмірден өтер мезгілін алдын ала болжаған Мәшекең жарықтық: «73-ке келгенше балталасаң да өлмеймін, 73-ке келген соң майға бөлесең де, одан әрі өмір сүрмеймін!» -дейді екен.

Бұл жайдан-жай айтылмаған. Бес жасында-ақ әкесі Көпей сопы дін жолына бағыттаған Мәшһүрдің бар саналы ғұмыры исламның игі жолынан аумай, оқу-білім іздеумен, шығармашылықпен өткен. Жас уағында елдегі Байжан молла, Нәжмеддин хазірет, Қамараддин ахон секілді адамдардан діни білімін ашқан Мәшһүр кемеліне келген шағында ислам ілімінің ордасы Орталық Азияға барып, Ташкент, Бұхара секілді жерлерде дәріс алады.

«Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап,
Бұлбұлдай қапастағы түрған сайрап.
Самарқан, Бұқар, Ташкент бәрін кезген,
Жасында бір кем отыз тәңірім айдап», - дейді өзі бұл сапары жөнінде.

Осы Бұхара шаһарында оқып жүрген Мәшһүр бабамыз бірде жұма намазынан шығып келе жатса, үстінде қара шапаны, қолында аса таяғы бар ақсақал адам алдын кес-кестей береді. Үлкен кісі ғой, жолын кеспейін деп, Мәшекең бөгеліп, қол құсырып сәлем береді. Әлгі ақсақал сәлем аларда қолындағы аса таяғын жерге шанша салады. Басында темірі жоқ жаңағы таяқ жерге қадала кіріп, дірілдеп тұра қалса керек. Кенет таяғын қайтадан қолға алған қария Мәшһүрді үш айналып, о жер, бұжерінен таяғымен тұрткілеп, «жетпіс екі, жетпіс үш» деп кері айналып жүре береді. Аң-таң болған Мәшекең мына кісі маған 72-73 сағатта өлесің деп кетті ме деп айран-асыр болады. Үйге келіп үйқыға жатқан соң, түсіне аруақтар кіріп, мазасын алып шығады. Сөйтіп, шалдың айтқан 72-73 сағатынан аман-сau өтеді. Енді 72-73 күнде дәмім таусыла ма деп, күн санауға айналады. Бұдан да сау-саламат өткесін, ғұмырының 73 жыл боларына сенген екен.

Мәшһүр-Жұсіпке ерекше қасиет қонуына байланысты мынадай тағы бір әңгіме бар. Бұхарада шәкірт болып жүрген кезі екен. Бірде монша іздел көшеге шықса, алдынан бір ақсақал адам кез болып:

oo

—Жүр, балам, мына жерде монша бар,—деп бастай жөнеледі. Сәл жүрген соң шағындау, көзге қораш бір моншаға әкеліп кіргізіп, Мәшкеңді шешіндіріп, арқа-басын ысып, кәдімгідей жуындырады.

«Е, осындаиды кәсіп етіп жүрген бір мұсәпір екен ғой!» деп ойлаған Мәшһүр атамыз қызметі үшін деп шалға ақша ұсынса, ол алмайды. Ішінен: «Апымай, шайхы адам екен ғой!»—деп ойлаған Мәшкең рахметін айтЫП, былай ұзай бере, артына қараса, монша да, жаңағы шал да жоқ. Бұның не керемет екенін түсіне алмаған ол ертеңінде медреседегі ұстазына баян етеді. Ол қуана тыңдал: «Балам, құдай жарылқаған екен, сенің барғаның Қожа Бахауеддиннің моншасының орны еді. Саған назары түсіп, шомылдырған өзі болар, сірә. Енді саған қасиет қонды, аузыңдан шыққан сөздің бәрі лепес, қабыл болады!» —деп, қолын жайып, батасын беріпті.

Кезінде қазақ даласын барынша аралап, Орталық Азия елдеріне бірнеше мәрте сапарлап барған Мәшһүр-Жұсіп бабамыздың барғұмыры шығармашылыққа бағышталған дедік. Сондай-ақ, тірісінде әулие атанип, халық пір тұтып, жалғыз ауыз сөзін жерге тастамаған ерекше қасиет иесі болған. Оның осында әулиелігі мен көріпкелдігі, басқадай ерекше қасиеттері жөнінде адам нанғысыз талай-талай әңгімелер бар.

Баянауыл-Қызылтау төңірегіндегі Сүйіндік елінен, оның ішінде Мәшһүрдің өзімен рулас Құлболды-Күліктен шыққан, Абылай заманында жасаған Жанақ әулие Жаңабатырұлы деген адам болған. Заманында «Қаһарлы Жанақ» «Дүғалы оқ Жанақ» атанип, қасиет дарыған бұл кісінің «Аттым!» дегені адам болсын, мал болсын мұрттай ұшып, өледі екен. (Бұл да бүгінгі заманда ешбір ғылым түсіндіре алмайтын құбылыс). 1914 жылы Мәшһүр-Жұсіп Сілеті бойында жерленген Жанақ әулиенің зиратын әдейі ізден барып, басына түнеп, осы «дүғалы оғын» алып қайтады. Кейін бұндай қасиет Мәшкеңе де қонып, ел ішінде басбұзарлық жасаған бірер адамға оны қолданған да екен.

Енді жоғарыда айтылған жағдайға оралсақ, Мәшкең жасы 73-ке жеткен соң, Ескелді деген қыстаудағы қазір өзінің кесенесі тұрған төбенің басын таңдал, сол жерден қабірін қаздырып, үстінен қос бөлмелі үй салдырады. Екібастұздық өлкетанушы Серік Жақсыбаевтың айтуынша, өткен ғасырдың сексенінші жылдары Ресейдегі Свердловск (Екатеринбург) обсерваториясынан бір топ ғалымдар Павлодар облысына келеді. Оның себебі свердловскілік астрономдар космостан түсетін сәулелердің бірі Қазақстанға, оның ішінде Павлодар облысының аумағына бағытталғанын анықтаған екен. Ғалымдар облыстық партия комитетіне келіп, рұхсат алып, жаңағы сәуле түскен жерді ізден тапса, ол Мәшһүр-Жұсіп жатқан Ескелдінің төбесі болып шығады. Бұл да қазір ешкім түсіндіріп бере алмайтын жұмбақ,

Әулиенің немересі, марқұм Сүйіндік Шарапиденұлының ертеде жазылған бір естелігінде бұл жөнінде былай делініпті: «Жатар орнын (қабірін) ұлken келіні Зейнептің інісі Дұсжанға қаздырып, өзі үнемі қасында отырып, дұға жасап, енін, ұзындығын, биіктігін еki жарым кез қылып алдырады. Ол біткесін әлі де көңілі толмағандай, тағы біраз тереңдегу керегін айтады. Біраз қазған соң, күрек-қайла бір ақ күлгін түсті жалпақ тасқа тіреледі. Дұсжан:

— Моллеке, мына жалпақ тасты бөлектеп уақтайын ба?—деп сұрайды.

— Жоқ, Дұсжан, менің де күткенім сол еді, қиратпай тұтас ал,— деп, тағы бір дұға оқиды. Кейін биіктігі бір жарым, ені бір кезге жуық, қалындығы 20-30 см. осы тасқа аты-жөнін жаздырып, басына белгі етіп қойғызады.

Салынған зират үйдің төргі бөлмесіндегі қабірге өзін ашық қоюды өсиет етеді.

Ауызғы бөлмеге өзінің күнделікті пайдаланатын кітап-құрандарын, ыдыс-аяқ, ер-турман, насыбай үккіш, т.б. заттарын қойғызады. Және насыбай шақшасында әрдайым насыбай болуын да тапсырады.

— Қысы бар, жазы бар, әрі-бері өткен жолаушылар түнер болса, барлық мұлкімді пайдалансын, бірақ, жуып, тазалап, қайтадан орнына қойып кететін болсын. Қорықпасын, мен көрден тұрып, ешкімге бассалмаймын.

Мен өлген соң, 40 жылға дейін денем бұзылмайды, тірі адам көзі көреді. Тек жаздың ыстық айларында ақыретімді айырбастап отырындар, қыста қажеті жоқ. Сонда көздерің жетеді,—деп өсиет айттыпты.

Шынында да, өзі айтқандай, соңынан кейбір адамдар әулиенің қабіріне түскенде, әрдайым бір хош иіс аңқып тұрады екен.

Сүйіндік марқұм былай деп жазады:

— 1946 жылы Сәбит Мұқанов келіп, қабірдің ішіне түскен еді. 1950 жылы өзім де түсіп, денесін сипаған едім, сонда жадағай жerde жатса да, біртурлі хош иіс шығып тұрды. Ешбір құрт-құмырсқа, көрді жайлап алатын сасық күзен, тышқанның ізі білінбеді.

Әулие Мәшһүр тірісінде өзінің жаназа дұғасын да оқытады.

— Құдай алам деп отыр, Шәрәпиден мен Зейнеп бермеймін деп отыр. Көпейұлы Жүсіпке Құдай рақмет айласын!—деп сақ-сақ күледі екен жарықтық.


— Мен өлген соң келіп, бата жасамақ түгілі, әркім өз бас қайғысымен кететін «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген заман болады. Оны мен көрмеймін, сендер көресіңдер, көресіңдер де, көнесіңдер, — дейді екен.

Соңынан Мәшекенің айтқанында, 1931-32-нің ашаршылығы, 1935-37-нің қуғын-сүргіні келіп, арты Екінші дүниежүзілік соғыс-қа ұласқанын білеміз.

Сөйтіп, Мәшһүр әулие 1931 жылы күзде мұриттерін бір апта бұрын шақыртып алып, әңгіме-дүкен құрып отырып, ауырмай-сырқамай дүниеден өтеді.

Бұгінде Мәшекен есімі қайтадан әспеттеліп, әдеби мұрасы зерттеліп, зерделеніп жатқанымен, ол барлық жұмбағын өзімен бірге ала кетті. Тірлігіндегі әулиелік, көріпкелдік қасиеттерін айтпағанда, денесі қалайша ешбір бүлінбестен 21 жыл беті ашық қабірде жатты? Егер зираты бұзылып, қиратылмағанда, әлі де неше жыл жатар еді? Және қабірін қаздыру үшін басқа жер емес, Ескелдідегі аталмыш төбенің басын таңдаудына не себеп? Егер әлі күнге дейін қабірінің беті ашық жатқанда, Мәшһүр-Жұсіп жұмбағы шешілер ме еді? Тіпті кейде қабірін қазып көрсе, қандай күйде еken деген пенделік ойға да берілесің.

Бірақ барлығы да Жаратушының билігіндегі шаруа. Дегенмен, қазіргі ақпараттық технологияның дәуірлеп тұрған шағында, Азия құрлығында дәл осындағы қасиетке ие болған жалғыз Хамбо-Лама Итигэлов қана емес, дәл сол уақытта қазақ жерінде Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы деген әулие болған деп Ресей БАҚ-тарына еki ауыз сөз жариялау ойымызға келмей жүр.



КӨПШІЛІК КӨПЕЙ СОПЫНЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Бұгінде *Мәшһүр-Жұсіп* Көпейұлының шығармашилығы насыхатталып, оның адами бейнесі әр қырынан жазылым жатқанымен, ғұламаның азаматтық келбеті, қаламгерлік және ғулиелік бітім-болмысы әлі түгелдей танылыш болған жоқ. Бұған себеп – мәшһүртанудың тым кешірек қолға алынуы. Оған кезінде толып жатқан саяси-қоғамдық жағдайлар себеп болғанын білеміз. Ол өз алдына бір өзекі аңғіме. Біздің айтпағымыз, *Мәшһүр-Жұсіп*тің әкесі Көпей сопы (Көпжасар) Сермұхаммедұлы жайында. «Жалпы Көпей сопы деген кім? Оның өмірге деген қөзқарасы, таным-түсінігі қандай болған? Нени мұрат тұтқан? Мәшһүрдің тұлға болып қалыптасуына оның ықпалы қандай болған?» – деген сауалдар төңірегінде аңғіме қозғасақ деп едік.

Мәшһүр-Жұсіптің өзі жазып кеткен ғұмырбаянына үңіле отырып, қараңғы қазақ ауылында туып-өскен әкесі Көпейдің ғылым-білімге соншалықты ынтызар болғанын бақаймыз. Ол заманда ғылым іздеу деген қазақ баласы үшін түске кірмейтін нәрсе. Ат жалын тартып мінген ер-азаматқа ең басты шаруа шама келсе «мал табу», дүние-дәулет құрау, қалыңын тауып беріп қатын алу. Бірақ Көпейдің ой-санасы бұл секілді пенделік түсініктен биіктеу болады. «Оқысам» деген мақсат жетелеген ол 18 жасында үйінен қашып кетіп, Қызылжар барады. Бірақ медресеге кіріп, молланың алдында аз ғана күн отырған соң сырқатқа шалдырып, 4-5 ай төсек тартып жатып қалады. Қолындағы аз ғана қаражат осымен таусылады. Соңынан іздел келіп, көметін бере қоятын ағайынтуыс тағы жоқ. Амалы таусылған Көпей оқуымды әрі қарай жалғауға қаражат табайын деп, жергілікті саудагер ноғайларға жалданады. Ақыры сол жерде табан аудармастан 40 жасқа жеткенше тұрып қалады. Ноғайларға еңбегі жағып, сенімді адамына айналады. Олар Бұхара, Ташкент, Қоқанға керуен тарта барса, Көпейді бірге ала жүретін болады. Кейінрек жасы келіңкіреп, елге қайтам, қатын алам, үй болам дегенде, ноғай саудагер талай жылғы адал еңбегінің ақысын артығымен қайтарған екен.

Қазақта «нышана», «ырым» деген түсінік бар. Тәңірдің жазуымен қайсыбір шаруаның бастауында қашанда аузы дуалы, халық-қа қадірлі адамдар кездесіп жөн сілтейді, ақыл береді. Не болмаса, қазақ қашанда көңілге жағар бірденені ырым етеді. Көпей сопының шаңырақ көтеріп, үй болуына да дәл осында ырымдайтын, нышана деп айтуға тұрарлық жағдай себеп болғанын байқаймыз. Талай жылдар Ташкент пен Бұхараға керуен тартып, елге «Көпей саудагер» атанған Көпей сопы жүрген жерінде жақсы-жайсаңың

үйіне түсіп, Арқадағы аты белгілі талай адамдармен таныс-біліс болады. Сол әдетімен, ноғайлардан ақысын алып, елге оралып келе жатып, жолшыбай бұрыннан түсіп жүрген Қоңырқұлжа төрениң ауылына соғады. Көпейдің елге бет алғанын және үйленетін ойы барын білген төре:

— Осында Алтай-Мұратта Танаш, Қанай деген менің балдызда-рым бар. Саған лайық Танаштың бір қызы бар, өзімнің балдызым, соны ал, – деп ақыл береді.

Көпей ол қызды айттырайын деп кісі салса, Қанай:

— Елсіз, жұртсыз қаңғып жүрген Құлікке қызы бермеймін,—деп көнбейді. Қоңырқұлжа төре Қанайды шақыртып алып:

— Сенің сол қаршадай балаң көп баланың ішінен Құран оқығанда, құлағым сүйсінуші еді. Малды көп берген бір қара қазаққа қор болады-ау деп ойлаушы едім. Көпей секілді дін құған, окудың қасиетін білетін жанға Құдай кез келтірді, баланың бағын байла-май беріңдер! – дейді. Көпейдің үй болуына осылай Қоңырқұлжа төрениң шарапаты тиген екен. Бір дуан елді уысында ұстап отырған Қоңырқұлжаның осы шаруаға себеп болуын қалайша жақсы нышана демеске? Бір қарасаңыз, өзі төре, өзі дуанбасы Қоңырқұлжа біреуді менсінетін адам ба? Бірақ жанының тазалығын, адамдық қасиетін бағалады ма, Көпей сопыға сонша ықыласы түседі. Осыған да оны Алла ниеттеген шығар деп түйдік.

Осылай әйел алып, шаңырақ көтерген, қалтасында азды-көпті қаражаты бар Көпей шаруашылықпен айналыспақшы болып, әжептәүір малдың басын құрап, Баянауылдың сыртындағы Қүйеушоқыдан қыстау салады. Ондағы ойы бай болып біреуден асып кету емес, шаруасын түзеп, іргесін бүтіндеп алған соң, өзінің ғұмыр бойғы арманын іске асырып, бір мешіт салу, ел-жұртты имандылыққа тарту болса керек. Және өзі жете алмаған бийкке жалғызым Адам-Жұсіп (Мәшһүрдің азан шақырып қойған шын аты) жетсе екен, өзім алмаған білімді сол алса екен деген тілек. Бірақ өкінішке қарай, сопының бұл мақсаты іске аспайды. 1861 жылы әйгілі «тауық жұтына» ұшырап, бар малы тегіс қырылып, қыс ішінде еріксіз Қызылтаудағы ағайындарына барып панарайды. «Жаз шыға: «Адамға мал мен дүние жолдас емес, ғылым жолдас екен, қалалы жер ғой, мешітсіз болмас, мешіті болса, молласыз болмас» – деп Баянауылдың басына көшіп келеді», – деп жазады Мәшһүрдің өзі. Сөйтіп, оқусыз дүниенің бос екеніне, малдың бір жұттық қана екеніне көзі жеткен Көпей енді жалғызының ғана боловшасын ойлады. Баянауылға келгесін де баяғы мақсатынан қол үзбей, қолда қалған аз ғана қаржысына бір казак-орыстың төрт бөлмелі ағаш үйін сатып алып, оны бұзып, мешіт салдырмақшы болады. Бірақ қолдың қысқалығы оны оп-оңай іске асыра қоюға мүрша бермепті.

Ескі кітаптарды ежелеп оқытын ғана сауаты бар Көпей аса та-
куа, исламға жан-жүрегімен берілген, хақ жолымен журетін, ба-
рынша адал адам екен. Оның осы мінезінен ел іші «сопы» атап ке-
теді. Бұл жөнінде Мәшһүр өзі:

«Кісі еді бек мұсәпір, әкем кәріп,
Мешітте күн өткізді жатып алып.
Дегендей: «Отындықтан – оқтық мұсін»,
Әр жерде түстім көзге майсыз жанып.

Бар еді үш кітабы жазба түркі,
Белгілі жүртқа мағлұм дінге беркі.
Екеуін шала-шарпы білуші еді,
Жоқ еді біреуіне анық еркі.

Үйренген онан-мұнан басын құрап,
Сәлдені білмеуші еді түзу орап.
Күндіз-түн жалықпастан окушы еді,
Зұбдатіл Масайлыны бізден сұрап.

Болмаған қолы толық дүние-малға,
Жасында ногайларға жүрген жалға.
Кітабы бізге әперген «Мұхаммедия»,
Өзі ескі және жыртық далба-далба.

Болар ма мұнан артық қара қасқа,
Кісі еді үйір болған көзі жасқа.
Әперді үш теңгеге бір «Мұқтасар»,
Кітап жоқ енді бізде онан басқа», – дейді. Міне, осы
үш кітап Мәшһүрдің алғаш тіл сындырып, харіп тануына құрал
болады.

Көпей сопы жасы келиңкіреп қалғанда көрген перзентінің шыр
етіп жерге түскен сәтінен бастап оның болашағына қатты аланда-
ғанын, сонша мән бергенін байқаймыз. Мәшекең өзі бұл жөнінде
былай деп жазады: «Атамыздың 42 жасында, анамыздың 18 жа-
сында ережеп айында, жұма күні жалған жарық дүниенің жүзіне
келген екенбіз. Атамыздың әкесімен немере Босқынбай дегеннің
Қисық атты қатыны екі қызымен бірге анамыз екіқабат болғаннан
меншіктеп, менгеріп, кіндік кесуге жалақтап, бала шыр етіп жерге
түскенде үмтыта бастады дейді. Сонда атамыз Көпей марқұм жа-
ңағы Қисық қатынға:

— Кіндік кескенде қалап алатын, көңілге алған нәрсенді кіндік
кеспей-ақ ал. Балаға жарық дүниенің жүзіне шығарда періштенің
алақаны тиеді, сондықтан бала шыр етіп жылайды деуші еді. Жер-

ге түскен соң оны кім көтеріп алса, соған тартып кетеді деуші еді. Жерден көтеріп Сонай абыздың бәйбішесі Тоқтық алсын, кіндігін Тоқтық кессін дейді». Осылай нәресте Мәшһүрдің дүние есігін ашқан сәтінен бастап, жерден кімнің көтеріп алуына дейін қадағалаған Көпей сопы перзенті үшін тек жақсылық қана ниет етіпті.

Көпейдің көп окуы болмаса да, жоғарыда айттылған екі-үш кітаптан ұққанын тілі шыққаннан бастап жалғызының құлағына құя берген секілді. Себебі Мәшһүр бес жасқа аяқ басқанда Баянауыл округінің указной молдасы Нәжмеддин хазіретке апарып окуға береді. Сәби Мәшһүрге бірер сүрені оқытып көрген хазірет Көпейге:

— А, сопы, балаң Бұхарай Шәріптің баласындағы екен. Ана отырған балалардың оқып отырғанын өз естуімен біліп кетерлік,— деп баға береді. Ақыры хазіреттің айтқанындағы болып, бес жастағы Мәшһүр өзінен жасы үлкен балалардан иығы асып, хазіреттің аузынан шыққан әрбір сезді қағып алып, тек құран жаттап қана қоймай, араб, парсы тілін игеруде алғашқы қадамдарын жасайды.

Таңғалмасқа болмайтын бір жайт, Көпей сопы әлі сәби жасындағы жалғызы Мәшһүрді оқытам деп, бұрын танымайтын бөтен адамдардың қолына апарып тастап, жүре береді. Бұл оның қатыгездігі емес, баласының болашағын ойлағаны, оқысын, адам болсын дегені. Өзін бейтаныс біреулерге тастап, торы атына мініп, ұзап бара жатқан Көпейдің артынан сәби Мәшһүр томпаңдап жүгірмей ме. Ондағысы, әкем артына бұрылса, мені аяп, міңгестіріп үйге қайта алып қайтар деген ой. Бірақ жалғызының болашағын ойлаған Көпей сопы іші аяп тұрса да, қабағын бермей, баласына жекіп, қамшымен жасқап: «Бар, қайт, окуынды оқы, мен сені оқысын деп әкелдім» — деп, хазіреттің қақпасына қайтадан кіргізіп кетеді.

«Артына міңгестіріп алып келді,
Бес жаста бес шақырым жерге берді.
Ал, әкесі қайтқанда енді үйіне,
Соңынан жүгірмей ме баласы енді?!

Атамыз дін жолына белін буған,
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туған.
Көшінің қақ басынан құғанынан,
Жеткенше медіресеге атпен құған»— деп жазады
Мәшһүр-Жүсіп өзі бұл оқиға жөнінде.

Қазір жапон елінде баланы бес жасқа жеткенше бетінен еш қақпайтын, ал беске келген соң, қatal тәрбиеге алатын дәстүр сақталған. Көпей сопының бес жастағы сәби Мәшһүрді хазіреттің үйіне жапа-жалғыз тастап кеткені қазіргінің кезімен қарасаң, керемет

қаталдық секілді. Қазір бес жастағы баламызды балабақшадағы тәрбиеші шекесінен шертіп қалса, шу шығарамыз.

Бірақ сопы баланың келешегін ойлап түр еді. Соның арқасында Мәшһұр ел танитын тұлға болып қалыптасады.

Нәжмеддин хазіреттен соң Қамараддин ахунның алдын көрген Мәшһұр-Жұсіп білмегенін сол кісіден толықтырып, Баян төңірегіндегі қалған қожа-мollалардың қытқанын місе тұтпайды. Өмірінің он бір жылын оқуға сарп еткен Мәшһұрді жасы он алтыға келгенде өзімен рулас Құліктің Ақай деген атасынан шыққан Әкімбек мырза қолына алады. Осы кезден бастап Мәшһұр талай жылғы көрген қызындықтың есесін қайтарып, алған білімін кәдеге жаратып, материалдық тұрғыдан жағдайы дұрыстала бастайды. Яғни, алған білімі енді өзінің дивидентін бере бастайды.

«Әкімбек он алтымда алып кетті,
Жалғызы Қабылбекке ұстаз етті.
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда,
Әкемді он жылқымен бір жөнелтті»—дейді өзі бұл жөнінде.


Сөйтіп, екі жыл бала оқытып тұрғанда, Әкімбек Мәшһұрдің ең-бегі үшін деп Көпей сопыға бас-аяғы қырық шақты мал беріп, Көпей сопы енді «жатақ» деген аттан құтылып, елмен бірге жайлауға шығатын болады. Алған білімнің арқасында Мәшһұрдің өзі де мал малданып, мырза жігіт атанаып, көңіліне ұнаған жақсы ат, жүйрік тазыны бәсін беріп алатын жағдайға жетеді. Осының барлығы әкесі Көпей сопының бала жасынан білімге баулыған еңбегінің, тәрбиесінің арқасы еді. Сондықтан Мәшһұрдің елге мәшінүр болуына, оның адами болмысының қалыптасуына ықпал кетке кім десек, ең әуелі әкесі Көпей сопыны атар едік.

Өзінің өмірбаянында Мәшһұр-Жұсіп: «Әкеміз Көпейдің 42 жасында дуниеге келіппіз»,—дейді. Мәшһұр-Жұсіп туғанда (1858) Көпей сопы 42 жаста болса, 1816 жылы туғанын білуғе болады. Ал өмірден 1889 жылы 73 жасында озып, өзі қоныс етіп отырған Баянауылдың басына, «көп жатақтың зираты» деген қорымға, Мәшһұрдің ұстазы болған Қамараддин хазіреттің жанына қойылыпты (Бұл зират қазір аудан орталығының ішінде тұр).

Баянауылдың өлкентанушы-тариҳшы Алтынбек Құрмановтың айтуынша, Көпей сопы қабірін кейінгіге көрсетушінің бірі – Мәшһұрдің немересі Төлеубай Шәрәпиденұлы. Ол кісіге кезінде Мәшкең өзі нұсқаған екен. Ал екінші адам – Мәшһұр мұраларын бүтінгі заманға жинап жеткізуілердің бірі Иманғали Мәненұлы. «Иманғали атам менің бала күнімде ат-арбамен Баянға келгенімізде осы қорымға соғып: «Балам, ана бір ағашы қарайып жатқан Қамараддин хазіреттің қабірі, жанындағы шым зират Көпей сопынікі, бұл

екеуінен басқа бұл жерде Көпейдің інісі Хасен деген кісі жерленген»–деуші еді» – дейді Алтынбек Құрманов.

Осының бәрін айтып отырғандағы мақсатымыз, бүгінде Мәшхүр-Жұсіп деп шуласып жатқанда, оның саналы ғұмырына жол сілтеп, тұлға болып қалыптасуына бағыт-бағдар беруші Көпей сопы Сермұхаммедұлының есімі ескерусіз қалмаса еken дейміз. Баянауылдағы қабірінің басы кезінде шым кірпіштен көтерілген еken. Қазір біржола құлап, шөп басып кетіпті. Осы жерді дұрыстап қоршап, қарайтып белгі қойса, сауабы мол шаруа болар еді.



ТАРИХ

БАЙТАҚ ДАЛАДАҒЫ БАБАЛАР ІЗІМЕН
(тарихи-танымдық экспедициядан жолжазба)

Былғы жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақ-қа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланғанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Аталмыш мақалада Президент туған жер, туған өлке жайлы толғана келе, былай дейді: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өніріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады.... Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Туған жер – әркімнің шыр етін жерге түсken, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жаннның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүргегінің түбінде әлділел өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкарлік пен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықтың әншайиң біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени – генетикалық кодының негізі.

...Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына сұықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осылың бәрін жас үрпақ біліп өсуге тиіс.

...Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсег де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтандышымыздың қайнар үлгагы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі».

Санауда сәулесі бар, сөз түсінер азамат болса, туған өлкең мен халқыңың қадыр-қасиеті жайлы бұдан артық жеткізіп айту мүмкін емес. Яғни, Президентіміз Тәуелсіз елдің тұғырнамасының тірек болар бір қанаты ата тарихымыз екенін анықтап тұрып айтады.

Елбасының осы мақаласынан соң, былғы жылы әр аймақта өлкетану бағытында арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, тарихи маңызы бар жерлер қайтадан анықталып, нақтыланып,

87

оларды келер үрпақ санасында қалдыру үшін түрлі шаралар жасалуда.

Осындай игі бастамаға үн қосқан Павлодар облысы әкімдігі жергілікті өлкетануши азamatтардың ұсынысын қолдап, «Байтак даладағы бабалар ізімен» атты тарихи-танымдық экспедиция үйимдастырып, бір топ адам көршілес Ақмола облысының біраз жерлерін аралап қайтқан едік. Экспедицияның мақсаты: Баянауыл жерінен шыққан, бірақ бір замандарда белгілі себептермен Көкшетау, Ерейментау өнірлерінде мәңгілік мекен тауып қалған тарихи тұлғалардың зират-кесенелерін анықтап, соларға байланысты көнеден жеткен әңгімелерді қайтадан жаңғыртып, деректі фильм түсіру болатын. Бұл адамдардың жатқан жерлерін біреулер білгенмен, біреулер біле бермейді. Сондықтан оларға байланысты тарихи деректер біріншіден, кейінгі үрпақ үшін қажет болса, екіншіден, ұлттық тарихымыздың бір бөлігі болып саналатын өлке тарихына толықтыру болары сөзсіз. Ал, енді Баянаула жерін жайлаған Сүйіндік елінен шыққан тарихи тұлғалардың бұл жақта жерлену себебіне келсек, сонау XVIII ғасырдағы белгілі Ақтабан шұбырынды оқиғасынан кейін Орта жүз, оның ішінде Арғын елі біртінде Арқа өніріне қоныс аударғанын тарихтан білеміз. Бұлардың ішінде Баянауыл өніріне ат басын тіреген Сүйіндік рулады да бар. Осы ел Баянаулаға әбден орнығып, ес жиып, етек жапқасын, ғасырдан аса уақыт Шідерті, Өлеңті, Сілеті өзендерін кесіп өтіп, Көкшенің биіктеріне дейін барып жайлап жүрген. Бұл көштің батыс жақ шеті қазіргі Ақмола облысы, Ақкөл ауданындағы Домбыралы-Моншақты тауларына дейін жеткені мұрағаттық құжаттарда да, ел аузындағы әңгімелерде де сақталған. Осындай себептен, ел жайлауда жүргенде қайтыс болған адамдар сол өнірлерден өзінің мәңгілік мекенін тапқан екен. Атап айттар болсақ: Ақмола облысының Бурабай ауданындағы Мәдениет ауылының жанында жатқан Айдабол Торайғыр би Едігеұлы, Ерейментау ауданында Сілеті өзенінің бойында жатқан Қозған Түйте әулие Дүйсенейұлы, Ерейментаудың Қарағайлысындағы Балықты қөлінің жағасында жатқан Құлік Көтеш ақын Райұлы, Едіге өзенінің жағасында жатқан Айдабол Едіге би Төлебайұлы, Шорман өзенінің жағасында жатқан Қаржас Шорман би Күшікұлы, Олжабай сөресінде жатқан (қазір Олжабай ауылы) Айдабол Олжабай батыр Толыбайұлы, Ақмырза өзенінің жағасында жатқан Құлболды батыр-әулие Шуманқұлы, Үшмырзаның қөлінің (қазір Тамдықөл деп аталады) жағасында жатқан Күлік Өтеміс абыз Жанайдарұлы және Айдаболдың үш мырзасы – Төкі Шоңұлы, Добан Шаржауұлы, Шоркен Ақынұлы секілді тарихи тұлғалар осының дәлелі. Экспедиция барысында біздер Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының жазбалары мен кейбір мұрағаттық деректерді негізге алғанымызды айта кеткіміз келеді.

oooooooooooooooooooooooooooo

Біздің осы сапарымызға Қазақстан-Павлодар телевізияны да де-
меушілік танытып, танымал тележурналист және қазақтың рухы
биік қыздарының бірі Әсес Жақсыбай қарындастырылған жаңымыз-
да болып, бабалардың ізі қалған шежірелі аймақтарды бірге ара-
лады. Фильмді түсірген оператор – Нияз Смағұл, жүргізуші Серік
Сейітов атты азамат.

Енді жоғарыда аттары аталған тарихи тұлғалар жайлары бірер
сөз. Ең бірінші Торайғыр би Едігеұлы жөнінде. Жасыратыны жоқ,
Мәдениет ауылының жаңында жерленіпті деген Торайғыр би жайлары
кезінде әрқылы пікірлер болып, кейбіреулер бұл деректі теріске
де шығарған. Және елдің өткен-кеткеніннен хабары бар кейбір
азаматтар Торайғыр би ол жерде емес, Түркістанда жерленген, ал
Мәдениеттегі Торайғыр тауы бидің аманаттап қойылған жері де-
ген дәлел айтты. Оған себеп – Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының 2007
жылғы басылып шыққан 13 томдығының 6-томындағы мына бір
әңгіме: «...Шоң өлді. Өлерінде өситет қылды: «Балалар, Торайғыр
мен екеуіміздің құдайға берген уағдамыз бар еді. Бұл ہем кешік-
пей менің артымнан келер. Мені аманат қып қойындар, екеуімізді
хазіретке бірге алып барындар!» – депті.

...Сілетінің бойына аманат қылып қойдырған екен. Ел Бая-
науылға көшіп келгесін, Шоңның қырқын беріп жатқанда, Торайғыр
өлді....Жаз шыққан соң, Торайғыр мен Шоңның сүйегін аманат
қойған жерінен алып, Хазірет Сұлтанға алып кетті. Сонда Шоңның
сүйегін аманат қойған жерінен алғанда, ішінде едім дейді Шона-
бай деген қожа». Мәшһүр бабамыз, байқасақ, бұл деректі Шонабай
қожа деген кісіден алған екен. Ол кісі Шоңның сүйегін алғанда
ішінде едім дейді де, Торайғыр жайлары ештеңе айтпайды. Және
аманаттап қойылған жері Көкшетау жағы емес, Сілеті бойы деп
жазылады. Ал Сілеті бойы мен Мәдениет ауылының арасы 120-
130 шақырым шамасында...

Енді Атальмыш он үш томдықтың 13-томын параллельдеске, Мәш-
һүр Жұсіп тағы былай дейді: «...Сол күннен бері қарай Арғын үр-
пағынан шыққан қадірлі би, қадірлі байлардың сүйегін жүз жыл-
қымен Әзіреттің басына апарып қоятын болған. Шашарұлы
Қазыбек (Қаз дауысты) сонда, Шақшақұлы Жәнібек сонда, Тілеу-
ке-Бертістің Тілеуекесінің баласы Жарылғап, Күлік Ақыл баласы
Айбас сонда, Едіге баласы Шоң би сонда, Малкелді баласы Ақпан
сонда, жүз жылқымен апарып қойған».

Бірақ бұл жерде де Торайғыр бидің аты аталмайды. Егер ол кісі
Түркістанда жерленген болса, ел ішінде «Шоң-Торайғыр» деп қа-
тар аталып жүрген ағалы-інілі адамдарды Мәшһүр бөліп-жармай,
Торайғырды да бірге атар еді. Бірақ олай етпепті.

Әрине, біз не жазсақ та, Мәшһүр бабамыздың деректерін
түпнұсқа етіп аламыз. Бірақ Мәшекен де көп деректерді ел аузы-



93 жастағы Дулат қария Әбдірашұлы
мен журналист Әсел Жақсыбай




Құлболды батыр-әулие Шуманақұлның кесенесі



Едіге би Төлебайұлының зираты



Өтеміс абыз Жанайдарұлы жатқан қорым осы



Балықтыдағы Көтеш ақын Райұлының басы



Олжабай батыр жатқан қорым
(кірпіштен қаланған зират Олжабайдікі емес)

нан жинағанын ескеруміз керек. Ол кезде де түрлі адамдар түрлі деректер айтатыны белгілі. Осыдан болар, Мәшекең мұраларында кейбір тарихи тұлғаларға немесе оқиғаларға байланысты бір-біріне қарма-қашып тұрады. Оның үстіне Мәшхүр-Жұсіп жазбаларының қағазы ескіруіне, жазулардың көмекі тартуына байланысты ма екен, кейде оқып отырып, мәтіндердің араласып кеткенін байқаймыз. Мысалы, Жұсіпбек Аймауытовтың арғы бабалары Танашибай, Куан деген кіслерге байланысты сондай бір әңгімені көзіміз шалды. Яғни, Жұсіпбектің арғы аталары қалмақтан тарайды деп көрсетіледі ол жазбада. Бұл әрине, Мәшхүрдің дерегі емес, көшірушілерден кеткен қате болуы мүмкін.

Сондай-ақ, Мәшекеңнің алтыншы томының 161-бетінде: «Шоң би, Торайғыр би, Ізден абыз үшеуі құрдас екен» деген сөйлем бар. Ал Торайғыр Шоң бидің інісі екені баршаға белгілі. Тағы бір жерде «Шоң мен Торайғыр екеуі 49 жасында опат болды» деген дерек айтады. Неге бұлай жазғаны түсініксіз. Әлде қағаздың ескіруіне байланысты, көшірушілерден кеткен жаңсақтық па? Сондықтан бұл секілді әлі де нақтылауды керек ететін деректерді анықтап алмай, пайдаланған дұрыс емес секілді. Жоғарыдағы Торайғыр бидің қайда жерленгені туралы дерек те осындай нақтылауды керек ететін мәлімет.

Осы өнірдегі халықта белгілі, 2010 жылы басылып шыққан «Баянауыл перзенттері» деп аталатын шежіре-кітап бар. Осы кітаптың «Айдабол» деп аталатын тарауында Шоң би Едігеұлы 1764 жылы туып, 1836 жылы Баянауылда қайтыс болған деген анықтама беріліпті. Санасақ, 72 жылғы ғұмыр кешіп, інісі Торайғырдан кейін 6 жылдан соң қайтыс болған екен. Ал жоғарыдағы Мәшхүр Жұсіп бабамыздың дерегінде екеуі бір жылда қайтыс болған делінеді.

Аталмыш кітапта Торайғыр би жөнінде: «1767 жылы Баянауылдағы Бауыртаста туып, 1830 жылы Көкшетаудағы Шалқар-көлде қайтыс болды»—дейді. Санасақ, 63 жылғы ғұмыр кешкен. Бұл деректің біз үшін құндылығы, Торайғыр би Мәдениет ауылының жанында жерленген деген болжаммен дәлме-дәл келіп тұр. Себебі, осы ауылдың дәл іргесінде Шалқар деп аталатын үлкен көл бар. Торайғыр заманында ол көл Торайғыр деп аталса, кейін Шалқар, одан соңғы уақытта жергілікті халық Төлектің Тасшалқары, Атығайдың Шалқары деп жүргенін білдік. Ендеше, Торайғыр бабамыздың осы арада жерленгені дау туғызбаса керек.

Осыдан соң, біз бір дерек кездесіп қалар деген оймен, 2000 жылы Алматыда басылып шыққан «Түркістанда жерленген тарихи тұлғалар» деген кітапты параптадық. Байқағанымыз, кітаптың авторы Марат Тұяқбаев деген адам кесенеде жерленген адамдар мен олардың жатқан орындарын анықтау үшін жүздеген тарихи ең-

бекті қопарған екен. Олардың ішінде шет ел мен Ресей ғалымдарының зерттеулері де бар. Осы кітапта Әзірет Сұлтанда жерленген Қаз дауысты Қазыбек биден бастап 21 бидің аттары аталыпты. Бірақ ішінде Торайғыр бабамыз аталмайды.

Бұдан басқа, 1907 жылы Мұхамедсадық Сапабекұлы деген кісі кесенеге барып, зиярат етіп, деректер жинаптады. Және ол Шоң бидің осында жерленгенін айтады. Бұл жерде тағы да Торайғыр бабамыздың аты аталмайды.

Сосын біздер Торайғыр би жөнінде дерек ізден, ҚР Ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы түрған, бидің өз үрпағы Шаймерден Торайғыровтың жазбаларымен де таныстық. Онда да Торайғыр бидің сүйегі Түркістанда жерленгені тура-лы дерек кездестіре алмадық.

Ескерту! Кейбір сауаты шамалы адамдар жоғарыда айтылғандарды теріс түсініп, өзінше долбар жасап, мынау не шатып отыр, Мәшһүрдің сөзін теріске шығаратын кім өзі сонша деуі мүмкін. Дұрыс түсініңдер! Біздікі қайтсе де, Торайғыр бидің Түркістанда жерленбегенін дәлелдеу емес. Егер шынымен сол жерде жатса, үрпақ үшін тілті қуаныш, топырағы торқа болсын дейміз! Бірақ, шама келсе, тарихи деректердің шындығына кез жеткізіп, оны дұрысын пайдаланған жөн. Егер Торайғыр би бабамыз Көкшедегі Шалқарда жерленсе, одан ештеңесі кеміп қалмайды. Ол да қазақтың қасиетті жерлерінің бірі. Сондықтан айтылған деректерді назарға алып, Торайғыр би Едігеұлы жоғарыда аталған Мәдениет ауылының қасында жатыр дегенге тоқтағанымыз дұрыс секілді.

Енді Торайғыр би Бурабай ауданындағы Мәдениет ауылында жатыр деген дерек қайdan шықты деуі мүмкін кейбіреулердің. 2010 жылдың жазында мен би бабамыз жайлы деректер ізден сол жақты аралап жүргенде, Мәдениет ауылының жанында Торайғыр зираты деген жер бар деп естіп, солай қарай ат басын бүрған едім. Біреулердің сілтеуімен, сол ауылдағы көнекөз, өткен-кеткеннен хабары бар Дулат Әбдірашұлы атты қарияға кіріп, сәлем бердім.

Амандастып, жөн сұрасқасын, менің не шаруамен жүргенімді білген Дулат ақсақал:

— Е, балам, сен Құдай айдап, тура келген екенсің, бабаң мына жерде, ауылдың іргесінде, Торайғыр биігінің басында жатыр. Қазір апарып көрсетем, — деді тура менің келетінімді күтіп отырған кісіші.

Мен әлі де болса дұдамалдау оймен: «Аға, бұл қай заманнан қалған әңгіме, дерегі бар ма, өзіңіз кімнен естіп едіңіз?» — деп сұрадым.

— Қарағым, менің жасым сексен алтыдан асып, сексен жетіге кетіп барады. Бұл әңгімені сонау соғыстың алдында, біздің бала күнімізде: «Ана төбенің басында Сүйіндік елінің Торайғыр деген біи жатыр, әкесінің аты Едіге екен» — деп үлкендер айтып отыра-

тын. Әйтпесе мен ойдан шығарып отыр дейсің бе, айналайын, – деді ақсақал менің сеніңкіремей отырганымды байқап. Осыдан соң қарияға ілесіп, Торайғыр тауына шығып, би бабаның рухына бағыштып дұға қайырып едік...

Енді Кекшетаудан бері еңкейсек, Сілеті өзенінің бойында жерленген тағы бір тарихи тұлға – Қозған Түйте әулие Дүйсенейұлы. Бір қызығы, Түйте тәуіптің зираты жайлы да біраң дау-дамай болғанын есімізде.

«Қазақ шежіресі» деген еңбегінде Мәшһүр бабамыз Түйте тәуіп жөнінде мынадай дерек айтады: «...Асаубайдың кенжесі Бәзіл қажы атанған. Қыстауы Сілетіде, Ешкіөлместе. Бәзіл қажыдан— Ғұбайдолла, Бопкен. Бопкен балалары – Жиіпалла, Нұрхамит. Бұл екі баланың қара орманын сыбырып алғып, Ғұбайдолланы Омбыға, Бопкенді Семейге жер аударған. Бұл Бопкен Семей барамын деп, Қызылтау баурайында атын ұрлатып, жаяулап қайтып, Ескелдіде отырган, құдай рахмет қылсын, Мәшһүр Жұсіпке кез болып, «қатын-баланды тауып ал» деп, бір шабдар атты басы-байлы өзінікі қылып мінгізіп қоя бердім. Сол Бопкен айтты: «Қозғаннан шыққан Түйте тәуіптің мolasы біздің қысты құнгі қотанымызда. Устіне ағаш шыққан, шеңгел де шыққан. Ағаштан жасаған мolasы бар. Бұл қунге дейін тозған жоқ, құлаған да жоқ» – деп.

Мәшһүр жазбаларында Түйте жайлы басқа да деректер айтылады. «Түйте тәуіптің қонысы әулиелі Қызылтауда, жын-перімен алысқан жеріне әлі күнге дейін шөп шықпайды, көктеуі мен күзейі Шідерті өзенінің жайылған жері, Ақкөл-Жайылмада, Қаражар, Қурең бие деген жер, жұрт осы күні Әулиелі Ақкөл деп жур. Сол Түйте тәуіп қоныс қылған соң, Әулиелі Ақкөл деп атайды да, өзі жайлауда Сілеті бойында, Ешкіөлместен жиырма бес шақырым, Керей Бәзіл қажының ауылында дүниеден өткен. Зиратын ағаштан қылып салған екен, басына барып дұға қылдым» – деп жазады.

Тағы бір жерде: «Қозғаннан шыққан Түйте тәуіптің қыстауы – Қызылтауда, Жосалы деген жерде. Таң намазын сол жерде оқып, бесін намазын Ақкөлдің жағасында оқып, бір күн түнеп жатып, ертеңгі памдат намазын сол жерде оқып, бесін намазын үйіне барып оқиды екен. Бес намазды Ақкөл басында бір дәретпен оқып, бес намазды үйінде бір дәретпен оқып, өмір бойы әдет қылған дейді. Ақкөлдің «Әулиелі Ақкөл» атанғаны сондықтан екен» – деп жазады Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы.

«Өзіне Қаракесек деген елден тоқсан қатын келіпті бала сұрап, бәріне де бірдеме депті, бір қатын құр қалыпты. Ол қатын назала-нып: «Осынша қатын бәрі алғанда, құдайдың сүймес пендесі мен болғаным көзіңіз жетті ме?» – деп, жылап қоя берген соң, Түйте әулие: «Бара бер, бердім!» – депті. Сол бала Жарылғап Ақтанберді баласы Жанысбай болған екен деседі» – дейді Мәшекең жарықтық,

Жасыратыны жок, Сілеті бойында Түйте әулиенің басында көтереміз деген бастама көтерілгенде, Қозған атасынан тараған ұрпақтардың пікірі екіұдай болып бөлінді. Біреулер Түйте тәуіп Әулиекөлдің жағасында жатыр десе, енді бірі Мәшһүр деректеріне сүйеніп, Сілеті бойында дейді. Осы даулы мәселе бойынша 2015 жылы Еріементтау ауданының Ажы ауылында тұратын Жұмажан Ахметов бауырымыз (Қозған-Жапат атасынан) ақпарат беттеріне «Түйте әулие қайда жерленген?» деген тақырыппен мақала жарияладп еді. Енді оқырмандарға түсінкті болу үшін, сол мақаладан үзінді беріп отырмыз.

«Шежіреші Мәшекең Түйте әулие жайында өз жазбаларында осылайша ой түйіпті. Осы дәйексөздер әулие зиратының Сілеті бойында екенін көрсетеді. Дегенмен де, ел аузындағы кейбір әңгімелер мен мұрағаттық құжаттарда Түйте әулие зираты Әулиекөлдің жағасында екені де айтылады. Төмендегі анықтап алуға тиісті жайттар осындай. Енді соларға тоқталайық. Көнеден көнеріп жеткен ел ішіндегі ескі ақыз-әңгімелерге құлақ тұрсек, Түйте әулие өз елінің көшін бастап келе жатқанда, көлді жағалай жайлап отырған қалың елге кездеседі. Алыс жолдан шаршаған көшті дамылдатып, біраз уақыт тынықтыруға рұқсат сұрап, елші аттандырады сол елге. Сөйтсе, бұл Қанжығалы Алмашы Қөлебе батырдың ауылы екен. Ол көштің аялдауына ықылас білдірмейді. Сонда батырга жолығуға Түйте әулие өзі келіпті. Екеуара әңгіме барысында ер Қөлебе: «Әулие болсаң бір кереметінді көрсетші!» – деген екен. Сонда Түйте тұлпардың құйрығынан бір тал қыл суырып алып, аттың төрт аяғын байлап тастайды. Түйтенің жай кісі еместігін түсінген Қөлебе оны үйіне түсіріп, қонақ қылады. Азанда оянып қараса, аты тапжылмай, қылмен тұсалған орнында әлі жайылып тұр екен. Түйтенің ісіне тәнті болған батыр: «Сіз шын әулие екенсіз. Біздің ауыл үстінен өткеніңіздің белгісі болсын», – деп, бір дәу тасты көтеріп әкеліп, ат тұсаулы тұрған жерге қадапты. Разы болған Түйте әулие батырдың үйінің жанына қолындағы аса таяғын шанышқан екен. Осы таяқ жайқалып үлкен ағаш болып өсіп шығыпты-мыс.

Жергілікті тұрғындар айтылған ақыз желісі бойынша, бұл жерді қасиетті орынға балап, қоршап қойған. Адамдар арнайы ат басын бұрып, тәу етіп жүреді. Сапарлап келе жатқан жолаушылар тиын-тебен тастап, «жолымыз ашылады» деп ырымдаған. Уақыт өте келе ақыз мазмұны көмескіленіп, Қөлебе батыр қадаған тас пен Түйте әулие шанышқан таяқ орны жаңағыдай себептермен өзгеріп, бұл жер Түйте әулие бейіті деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан да болар, «Семипалатинский листок» газетінің редакторы Н.Я.Коншиннің Семей қаласында шығып тұрған «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского Географического общества» деген журнал-

дың 1903 жылғы алғашқы санында жарық көрген «О памятниках старины в Семипалатинской области» деген мақаласында: «В Аккульской волости около озера Аулиеколь есть небольшой курганчик, под которым погребен по рассказам киргизов святой Туйтэ», – деп жазылған. Бұл біздіңше жаңсақ мағлұмат. Біріншіден, «жар басына там салма, жар құласа там кетер», деген ұстаныммен өмір сүрген қазақ халқы көлдің құлама жиегіне ешқашанда зират салмаған. Екіншіден, ата зиратын анықтауда мұрағаттық құжаттармен және сол замандағы карталармен зерттеу жүргізген тарихшы-өлкетанушы Дәурен Аяшинов атты бауырымыздың еңбектері әулие бейітінің орнын нақтыладп тұрғанын төменде әңгімелейміз.

Енді, Д. Аяшинов деректеріне назар салайық. Түрлі мұрағаттық құжаттармен жұмыс жасап, тер төккен өлкетанушыға біздің өлкенің тарихы туралы өте қызықты мәліметтері бар құнды материалдармен танысу сөті түседі. Ресей империясы Сібір генерал-губернаторлығының генералдық штаб офицерлері жасаған өте сирек кездесетін әскери топографиялық карталардың және 1830 жылдардан бастап халықты тіркеу, мал басы иелерінің тізімі құжаттары зор маңызға ие. Құжаттармен танысу барысында Түйтениң генеалогиялық кестесі, яғни шежіресі анықталды. Мал басы иелерінің тізімі құжаттарында 1835-1854 жылдары Түйтеұлы Байбөрі, ағалары Сасық, Еділ, Дүйсеновтер Шүрен бөлімшесімен Баянауылдан қырық шақырымдағы Ақшоқы, Қаратас және Жосалыны қыстайтыны жазылған. 1866 жылғы тізімде Елубай Байбөріұлы (№ 655) туралы дерек бар.

Сөзімізді әрімен қарай баяндайық. 1881 жылғы әскери топографиялық картада Түйтіе әулие зираты (Таты аулие деп көрсетілген) Әулиекөл көлінің жағасында екені көрсетілген. Себебі осы болды ма екен, 2001 жылы Түйтіе шөбересі Ырысты Қырқайқызы (Қырқай – Байбөрі баласы) бұл жерге ескерткіш тақта орнатыпты. Әулие зиратына байланысты Мәшекең жазбаларындағы дерек пен картадағы белгі – екі түрлі дерек береді. Сондықтан, қосымша зерттеуді қажет етті. Нәтижесінде 1848 жылғы Санкт-Петербург қаласында шығарылған Батыс-Сібір аймағы картасы табылып, Сілеті өзені бойындағы мазар салынатын тұс «Түйтениң адыры» аталғаны анықталды. Сонымен, Мәшнұр Жұсіп жазбалары мен тарихи құжат – атальыш картадағы жер атауына сүйеніп, Түйтіе зираты Байсары ауылы жаңындағы мазар салынатын жер екені күмән тудырмауы керек» – дейді Жұмажан бауырмызы. Өткен жылы Ажы ауылындағы Әлдебеков Мейрам ақсқалдың үлкен ұлы Қосман бас болып, ағайы-туыстың қолдауымен, бұл араға үлкен кесене тұрғызылған.

Тағы бір тарихи орын – Ерейментаудағы Балықты көлі. Бұл арада XVIII ғасырдың белгілі ақыны Көтеш Райұлы жерленген.

Бір өкініштің, дұрыстап зерделемеудің себебінен, осы уақытқа дейін Көтеш ақынның тегі «Райымбекұлы» деп қате жазылып келді. Ал шындығында ол Райымбектің інісі Райдың ұлы. Өзінің бір өлеңінде Көтеш ақын:

«Арғы атамды сұрасаң-Сексен-Жұлма,
Райымбек Сексеннен туған ұл ма?
Райымбек дейсің де, Райды айтпай,
Райымбек би болса, Рай құл ма?» – дейді. Осы шумакты бүрыннан оқып жүріп, ақынның Райымбек емес, Райдың намысын қорғап тұрғанын байқап, Көтеш Райдың ұлы емес пе еken деп іштей дұдамал болып жүретінбіз. Шындығында, шежірене дұрыстап зерделей келе, солай болып шықты. Өлеңдегі Жұлма-Сексен батырдың ұлкен баласы. Жұлмадан-Рай, Райдан Көтеш ақын тудады.

Көтештің Райдан туғанын растайтын тағы бір дәлел, 1854 жылғы Қызылтау-Күлік болысының мал-жан санағында Көтештің баласы Жайлаубай Рай атасынан тараған ауылдың ішінде көрсетіледі. Егер Райымбектен тараса, олай жазылmas еді. Себебі атамыш санақта ру ішінде әр атадан тарайтын ауылдардың малы мен жан басы жеке-жеке бөлініп, анық көрсетілген. Бұл ешқандай дау тудырмайтын дәлел.

Тағы бір жүгінеріміз, Мәшінур-Жұсіп Көпейұлының деректері. Мәшекен Көтештің Райдың ұлы еkenін өз еңбектерінің бірнеше жерінде анық жазады. Мысалы, 2007 жылы шыққан 13 томдықтың 10 томының 91 бетіндегі «Сексеннен-Райымбек, Рай, Қараша... Райдан-Көтеш ақын» – дейді.

Сондай-ақ, Мәшінур-Жұсіптің:
«Жабысты маған өлең он бес жаста
Жұрт айтты, не қыласың, деді таста.
Дегенмен бастағасын қоя алмадым,
Сотым жоқ қылған жұртқа мұнан басқа» – деп басталатын өлеңі бар. Дәл сол жасында Көтеш ақын түсіне кіріп, аян берген еken. «Дәл он бесімде түсімде үш ауыз өлең үйретті, қызға жазатұғын өлең. Ояна келсем, ойымда сайрап тұр. Сонан соң гу-гу өлең ойма келе берді. Өз ойымда: «Түсімде өлең үйреткен Көтеш ақын-ау» – дедім. «Күлікпін!» – деп айқаны есімде» – дейді.

Көтеш ақын туралы тағы бір дерек ұсынатын Мәшінур-Жұсіптің «Абылай аспаған сары бел» әңгімесі. Төртуыл мен Қаракесек елінің Жанай және Ботақан атты екі адамын Абылай тірілей зынданға салғызады. Кейін зынданнан шығарып алмақ болғанда, намыстанған Ботақан: «Көрге түскен адам тірі шықпайды!» – деп, өзін-өзі жарып жіберіпті. Осы оқиғадан соң ел іші бүлініп, Абылайдан кек алмақ болып, Бес Мейрам баласы атқа қонады. Көтештің он

жеті жастағы кезі екен. Ханға беттеген ел жақсыларының алдынан орап шығып:

«Абылай, Ботақанды сен өлтірдің!
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің?
Хан басың қарашаңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің!» – деп, Абылайға қарсы қарап тұрып өлең төгеді.

Мәшһүр-Жұсіп бабамыздың дерегі бойынша Көтеш ақынның сүйегі қазіргі Ақмола облысы, Ерейментау ауданының аумағындағы Қарағайлы шоқыдан төмен, Балықты деген көлдің жағасында жатыр. «Көтешті қартайған шағында Шерудің ағашының жанында қарақшылар өлтіріп, тонап кетіпти. Бірнеше күннен кейін ауылдастары тауып алса, денесіне ит-құс тиген екен. Өзі толық адам болыпты, майы жерге сіңіп, айналасындағы топырақ қарайып кеткен екен» – дейді.

Көтештің өзін тонамақ болған ұрыларға айтқан:
«Әй, балалар, танымайтын не ел боларсың?
Не бастан, не дәүлеттен кем боларсың?
Сексендегі Көтешті тонаймын деп,

Айдабол мен Құлікке жем боларсың!» – деген бір ауыз өлеңі бүгінге жеткен. Сүйіндіктің жақсылары кейін осы өлең арқылы қарақшыларды тауып алғып, жазасын бергізіп, құнынын алады. «Қазақта бір басына уш кісінің құны төленген еркекте – Көтеш ақын, әйелде – Ұлбике ақын» – дейді Мәшһүр Жұсіп. Көтешті ақын қаза болған Шерудің ағашы бүгін де солай аталады, Балықты көлінен 20-25 шақырым шамасында, солтустік-шығысқа қарай.

Ерейментаудағы Елтай ауылының жанындағы Едіге өзенінің жағасында Айдабол Едіге би Төлебайұлы жатыр. Былтырғы жылы Баянауыл ауданындағы Жаңатілек ауылының азamatтары би бабаның басын көтеріп, ас берген болатын. Негізі Елтай ауылының тарихи атауы – Едіге және ауылдың жанынан Едіге деп аталатын өзен ағып өтеді. Отken ғасырдың отызыншы жылдары алғаш колхоздар құрылып жатқанда, бұл жерден де колхоз ашылып, Елтай Ерназаровтың аты берілген екен. Осы жерден 7-8 шақырым қашықтықта Едіге деп аталатын темір жол станциясы бар. Едіге бидің бұл жерде жатқаны 1898 жылы орыс зерттеушілері жасаған картада «могила Едигей» деп анық көрсетілген.

Едіге би кім десеңіз, Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының қаламынан туған «Едігенің алғашқы билігі», «Едігенің Тоғаспен құда болуы», «Едігенің көрген түсі», «Едігенің соңғы билігі» деп аталатын этнографиялық әңгімелерден оның айшиқты тұлғасын, адами бітімін қапысыз тануға болады.

Едіге би Төлебайұлының шешендік, ақылмандығынанан басқа, әулиелік қасиетіне де таң қалмасқа болмайды. Өз кіндігінен тараған үлдары дүниеге келердің алдында тұс көріп, олардың өмірде қандай адам боларын болжап біліп отыруы да екінің біріне біте бермейтін қасиет. Бұл әңгімелердің барлығы Мәшһүр-Жұсіп бабамыздың кейінгі жылдары жарық көрген шығармалар жинағында жарияланған соң, қайталап жатуды жөн көрмедік. Іздеген адам болса, 2007 жылы шыққан 12 томдығынан, 2013 жылы шыққан 20 томдығынан таба алады.

Едіге би жөнінде айта кететін тағы бір жайт, қазақта «тектілік» деген түсінік бар. Қайсыбір адамның көңілден шығар бір ісін көрсек, «е, оның тегінде бар ғой» деп жатамыз. Бұны қозғап отырғанымыздың себебі, көптеген тарихи тұлғалардың елден ерек қасиеті (батырлығы, шешендігі, көріпкелдігі, әулиелігі т.б.) өзінің көзі жұмылғасын балаларына немесе үрпақтарына дарымай, үзіліп қалып жатады. Ал, Едігенің өзінен басталған тектілік үзілмestен XX ғасырдағы үрпақтарына дейін жеткен. Мысалы, бидің тікелей үрпақтары болып есептелетін қазақ тарихындағы кесек тұлғалар Шоң мен Торайғыр билердің өздері бір-бір төбе. Одан кейінгі Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шәйбай Айманов, Шаймерден Торайғыров, Қамар Қасымов, Шәкен Айманов, Кәүкен Кенжетаевтар әрқайсы бір-бір кітап арнауға тұрарлық адамдар. Едіге бидің тегінің асыл екенін осыдан-ақ байқауға болады.

Дегенмен, ел ішіндегі кейір кертартпа бауырларымыз: «Ерейментауға Едіге қайдан барыпты, оны қалай дәлелдейсіңдер?» – деген сынды теріс пікірлер айтуы мүмкін. Сондықтан Едігенің Ереймен жерінде жатуы жайлы бірер сөз айта кеткенді дұрыс көрдік.

Әңгіме толығырақ болу үшін, Бөгенбай заманында жасаған Төлебай Жанқозыұлын ауызға алуға тұра келеді. Төлебай бабамыз жайлы Мәшһүр-Жұсіп еңбектерінде біршама айтылып, оның өзі заманында Пәлі Төлебай, мерген Төлебай атанған жауынгер адам болғаны әңгімеленеді.

Жарайды, ол өз алдына. Ерейментау жерінде жасап өткен белгілі ақын, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте мергендер тобын басқарған Молдажан Жадайұлы деген кісі болған. Өзі Бөгенбайдың ағасы Көлбайдан тарайды. Молдажан ақынның еңбектері бүгінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы. Біз 2014 жылы соның біразын алып келіп, араб харпінен кириллицаға көшіріп, «Қанжығалылар» атты кітабымызда жариялаған едік. Сонда Молдажан мынадай дерек айтады. Ақтабан-шұбырындыда Сыр бойынан ауған Жеті Момын баласының арасына жолшыбай алауыздық кіреді. Қарауыл Жәпек батыр мен Қарауыл Қанай би бастаған Атығай-Қарауыл балалары батысқа қарай кетіп, Әбілқайырдың қоластына бармақ болып шешеді. Бұ-

ларға Қанжығалының Жетіруы-Бозым балалары да қосылады. Бөгенбай батыр бұлардың әрекеттерін құптамай, ол жаққа бармаңдар, аржағында орыс жақын, түбі күні орыстың аяғының астында қаласындар, ал қалмақ өзіміз секілді көшпелі жүрт, түбі күні бір жеңеміз дейді. Бірақ аналар оған көне қоймайды. Сөйтіп ел екіге айырылып, ағайынға сөзін өткізе алмаған Бөгенбай өзіне қарған елмен Сарысудың бойна қарай бұрылып кетеді. Оған өзінің аталастары Мәмбеттің Бесқасқасы атанған – Атан, Досай, Ақпан, Бура, Тайлақ батырлар, Бозым ішінен өз туыстарынан бөлініп Нияз Жантай батыр қосылады. Және Бөгенбайдың жанында Айдабол Төлебай мерген де бірге болған деп жазады Молдажан. Ол бұл деректі ойдан шығарып отырған жоқ, сол кездегі кәрі құлақ қариялардан жеткен әңгіме. Одан басқа, Үмбетей жыраудың көпке белгілі «Жантай батыр» дастанында Абылайдың баласы Қасым төрениң Уса-Серен бастаған хошоут-қалмақтардың ауылына қызы көре барғаны айтылады. Сонда оның қасында Қарауыл Қанай би, Айдабол Төлебай батыр, Үмбетей жырау болғаны айтылады. «...Қосылды Қарауылдан шешен Қанай. Сүйіндіктен Айдабол би Төлебай, ...Жырауды Үмбетейдей қосты болмай» деп толғайды Үмбетей өз жырында. Осыған қарап, Төлебай айналасы мен Ерейментауды жайланаған Қанжығалы елінің арасында ертеден байланыс бар екенін байқау қыын емес. Сол заманнан қалып қойып, Ерейментауды әлі де қоныс қылып жүрген Орманшы-Қасқыртымақ, Қаржас-Ақша, Айбадол-Малқозы, Жанқозы, Мамыт үрпақтары бірен-саран әлі де бар.

Едігеден жоғары, 15-20 шақырым жерде, Шорман өзінің бойында Шорман би Күшікұлы жерленген. Шорман бидің Ерейментаудың сыртындағы жайлалауына барып қайтыс болғанын Мәшхүр Жұсіп жазады. Және жоғарыда аталған, 1898 жылы жасалған картада Шорман бидің де жатқан жері «могила Черман» деп анық көрсетілген. Бұл жерде де үлкен қорым бар. Өкінішке орай соның ішінде Шорманның қабірі дәл қайсы екені белгісіз және ешбір белгі қойылмаған. Бұл алдағы уақытта Шорман үрпақтары ескеретін нәрсе деп ойлаймыз.

Шорманның жоғары, 10 шақты шақырым жерде Олжабай аулының жанында Абылай заманының қаһарманы Олжабай батыр Толыбайұлы жатыр. Бұл жердің тарихи атауы – Олжабай сересі. Батыр қайтыс болғасын, сүйегін Түркістандағы Әзірет Сұлтанға апарып қоямыз деп, теріге тіріп, сөрелеп қойса керек. Бірақ бір себептермен апара алмай, сол араға жерленіпті. Кейін, XIX ғасырдың аяғында бұл жерді Ресейден келген қоныс аударушылар иеленіп, мекен атауы Подгорный, одан соң Благодатное болып өзгереді. Бір кездері Еркіншілік ауданының (Ерейментау) орта-

лығы да болған. Қазір елдімекен өзінің тарихи атауына қайтадан ие болып, Олжабай ауылы аталады.

Бір қызығы, Олжабай батырды ауызға алғанда, белгілі ақын Олжас Сүлейменовті оның ұрпағы деп жатамыз. Ал шындығында, Олжабай батырдың тікелей ұрпағы – академик Әлкей Марғұлан. Таратып айтсақ, Олжабайдан – Дулат, Дулаттан – Марғұлан, Марғұланнан – Хаңан, Хаңаннан – Әлкей.

Олжабай батыр өзі төрт ағайынды болған – Олжабай, Орман, Құлжабай, Рыскүл. Олжас ақын Олжабайдың осы Орман атты інісінен тарайды. Әлкей Марғұланның өзі көрсеткен шежіре-дерек бойынша: Орманнан – Тәбет, Тәбеттен – Тайжан, Тайжаннан – Ақтай, Ақтайдан – Ұзын Сүлеймен, Ұзын Сүлейменнен – Омар, одан – Олжас ақын туады.

Олжабайдан солтүстік батысқа қарай, 30 шақырым шамасында, Ақмырза өзенінің жағасында бүкіл Айдабол, Құлік, Ақбура, Тұлпар, Майлайтон, Шегір руладының түп атасы болып саналатын Құлболды батыр-әулие Шуманакұлының кесенесі тұр. Құлболды баба жайлы да Мәшһүр Жүсіп өз жазбаларында айтып өтеді. Және Ерейментау жерінде де Құлболды әулие жайлы біраз әңгімелер сақталып қалған. Сол өнірдің тұмасы, соғыс ардагері, марқұм Құдайберген Қанапин ақсақал айтқан еді.

— Соғыстың алдында, біздің бала күнімізде батырдың қабірінің дәл ортасынан ағаш өсіп тұратын. Ел оны Құлболды батырдың кіндігінен шыққан дейтін. Сол кезде болған мына бір оқиға әлі есімде. Ауылдың бір адамы (атын айтпай-ақ қояйын, ұрпақтары бар қазір) қыз баланы самауыр тұтататын ағашқа жұмсап, табылмаса, зиратқа шыққан ағаштан сындырып ала сал депті. Үлкен кісі айтқасын, жаңағы қыз зиратқа шығып тұрған дайын ағаштан сындырып алады. Сонынан сол қыз баланың есі ауысып кеткенін көзіміз көрді. Жаңағы қызды жұмсаған адам да жазылмайтын ауруға шалдықты. Осындай әңгімелер айта берсек жетерлік. Мен өзім ес білгелі жергілікті халық Құлболдыны әулие тұтып, басына тұнейтін. Соғыстың алдында, біздің бала күнімізде осы ауылда Әлі деген үлкен молла болды. Ел іші «сайтанның теңгесін тартып алған Әлі» дейтін. Қазір Құлболдының бейіті тұрған жерден сыртқа қарай үш шақырымдай жерде құдық, қасында жер үй болды. Бұл жерді Ақсарай деп атайдын. Бірде Әлі молла осы Ақсарай жағына барғанда, аспанға теңге лақтырып ойнап жүрген сайтанның үш қызын көріпті. Ақырын баспалап барып, біреуінің теңгесін қағып алғып, тілінің астына сала қойыпты деседі. Жаңағы қыздар қанша жалынып сұраса да, қайтарып бермей, үйге әкеліп, Құраннның ішіне салып қойыпты деген әңгімені үлкендерден еститінбіз. Ол кезде қазіргідей дәрігер жоқ, ауырып келген, есінен адасқан талай адамды осы Әлі

молла Құлболдының басына апарып, жазып алатын, – дейді Құдайберген қария.

Тоқсаныншы жылдары Құлболды әулиенің басында шырақшы болып жүрген Ертай атты ақсақал да (марқұм) осы әңгімелерді қуаттайтын.

— Соғыстың қайнап түрған кезі, – дейді Ерекең, – бала болсақта, өгіздің басына мініп, үлкендермен бірге астық тасимыз. Бірде астық апарып, ауылға қайтып келе жатқам. Таң әлі ата қоймаған, алакөлеңке шақ еді. Ауылға жақындал, Құлболды зиратының тұсынан өте бергенімде, күңіренген бір дауысты естіп, тұла бойым мұздап кетті. Зират жаққа қарасам, ақ киім киген біреу отыр. Сөйтсем, зікір салып отырған Әлі молла екен. Бұл кісі кейде зират басында осылай таң атқанша зікір салып шығатынын білетінмін, жүргегім орнына түсті. Егер Құлболдыда қасиет болмаса, Әлі молла сөйтер ме еді?» – дейді Ертай ақсақал.

Бір айта кететін жайт, өзен атуына ие болып қалған Ақмырза батыр да Қаржастың Құлыке тармағынан, Мырзагұл батырдың баласы. Мәшін Жұсіп өз жазбаларында: «Ақмырзаны жайлауға таласып, Керей Жәнібек батыр өлтіріпті. Осыдан кейін керейлер сол төңіректен аяу көшіп кетеді» – дейді. Бұқар жыраудың белгілі «Керей, қайда баrasың?» атты толғауы дәл осы оқиғаға байланысты туса керек. Тек кейін кейбіреулер өлеңдегі «өзен бойын көбелеп» деген жолды «Сырдың бойын көбелеп» деп өзгертіп жіберген.

«Керей, қайда барасың,

Өзен бойын көбелеп?

Сен қашсаң да, мен қойман,

Арғымағым жебелеп,

Ақмырзамды өлтірдің,

Ақ соыйлмен төбелеп» – деп келмей ме? Сондықтан өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың жинағын құрастыруышылырын бұдан былай осыны ескергені жөн деп ойлаймыз.

Енді осыдан төмен кетіп, Ерейментаудан Павлодарға қарай шығатын тас жолдың бойынан солтүстікке қарай оншақты шақырым жерде, Малтабар ауылынан төмен Құлік-Тілеуімбет Жақсы Жанайдардың баласы Өтеміс абыз бен Айдаболдың – Добан Шаржая баласы, Төкі Шоң баласы, Шоркен Ақын баласы атты үш мырзасы жерленген. Мәшін Жұсіп өз еңбектерінде Өтеміс абыз жайлы тебірене жазады.

«Өтеміс абыз бар тіршілігінде өмірі ораза болып өтті. Қай жerde мектеп, бала оқытқан молла болса, үйімен көшіп барып, қысқииз үймен отырып, сабак алып, оку оқиды екен.

Ерейменнің айналасын, Қарағайлы шоқы маңын жайлап жүргендеге күнде қатын-баласы: «Ноғайға мал сатып, киім-кешек

oo

алып бер» дегесін, екі қойды қосаңтап, жаяу айдал бара жатса, жолда намаздыгер уақыты болып, тоқтап намаз оқыпты. Төрт бас намаз оқығаны – төрт жылға бергісіз еken. Асықпай-саспай оқып отырғанда, екі қойды қасқыр қуып жөнеледі. Бұны көрген ногайдың жалшылар:

— Намазшылын қарашы, намаз бұған мал бере ме?! – деп маңаңтап күліспіті.

Өтекең асықпай намазын тәмәмдап болып, қыр асып кеткен екі қойының соңынан барса, екеуі екі жаққа шиыршық атып сіресіп түр еken де, қасқыр ортасындағы жіпке буынып, сілейіп қалыпты дейді. Бара сала жалма-жан: «Ит-құс (қасқыр) буынып өліп кетеді-ау!» – деп, жіпті пышақпен қызып жіберсе, екі қой екі жаққа жонға қашып, қасқыр жерге сұлық ете түседі.

Көріп түрған ногайдың жалшылары шауып барса, Өтекеңнің қашып кеткен қойлармен жұмысы жоқ, қасқырды аяп, ботадай боздап:


— Уай, кәріп, мұсәпірім-ай, қарның ашқандықтан, жоқ жерде аяқсыз өліп қалдың-ау! – деп жылап отыр дейді».

«Бұл Өтекең тұн баласында жастыққа басын қойып жатқан кісі емес. Қыстың бір тұнінде Өтекең киіз үйде шарт жүгініп, құбылаға қарап отырса, екі ұры шидің ішіне кіріп, сондағы ас-суды жапырып жеп жатыр дейді. Менің ояу екенімді білсе, жей алмай кетер деп, Өтекең қимылсыз отыра береді. Таң атып, үйге сәуле түсе бастағанда, Өтекең ақырын сыйдырын білдірмей ұрыларға келіп, сыйырлай сейлеп: «Таң атып қалды, қатын иттің мінезі жаман еді, оянып қалса, сендерді ренжітіп жүрер, өздерің тойсаңдар, аузын қымтап, білдірмей шығып кетіндер, – деген еken. Әлгі ұрылар сасқанынан пышақтарын тастан кетіпти. Соны неше жыл саңтап жүріп, өздеріне қайтарған еken.

Тағы бір қасиеті, жерде қайыңың қабығы жатса: «Бұнда әлиф бар ғой, әлиф Алланың аты ғой!» – деп, жинап алып жүреді еken. Және етікшілер қайыңың тозын етікке, мәсіге салайын деп жатса, «мен мына ауылға барып, сірі сұрап әкеп берейін» деп, салдырмайды еken.

Өлген соң мolasының кіндік тұсынан үш қайың шығыпты, біреуі – жуан, екеуі – жіңішке. Сол қайыңың жапырақтары үстіне салған тас тамды бүркеп, жамылыш болып, көгерген бойымен тұрып қалыпты. Он алты жасымда бір зират қылыш едім... Зирағы Ереймен тауында, Ушмырза көлінің құнбатыс жағында, бір мұралтайдың үстінде, жоғарғы биігінде» – деп жазады Мәшһүр Жұсіп.

Бұл зираттар бүгін де сол қалпынша сақталған. Және барлығының дерлік ортасынан қайың өсіп шыққан. Бір ғажабы, осы зи-



раттырдың қалануы да бүгінгіден басқаша, дөңгелектеу болып келеді.

Бір таңқаларлығы, арада 2-3 ғасырға жуық уақыт өтсе де, Кекшетау, Ерейментау өңірлерінде Баянауыл-Сүйіндік еліне қатысты топонимдер (жер атаулары) сол күйінде сақталып қалған. Мысалы, Кекшетау жағындағы Айдабол ауылы, Итемген-Мамайдың көлі (Итемген мен Мамай – Шоң бидің балалары), Торайғыр тауы т.б; Ерейментау жеріндегі Түйтенің адыры, Үшмырзаның көлі, Едіге, Шорман өзендері, Тайбай көлі, Олжабай сөресі, Ақмырза өзені, Шәкей ауылы т.б. сол бір замандардың тілсіз қуәгерлері секілді.

Сөйтіп өлке тарихын түгендеге қатысты үйымдастырылған «Байтақ даладағы бабалар ізімен» атты тарихи-тәнімдыш экспедицияның атқарған жұмысы осындей. Эрине, мүмкіншілік болып жатса, әлі де анықтап, нақтылай түсетін мәселелер жетерлік. Сөз соңында айтарамыз, атамыш экспедицияны үйымдастыруға рухани және материалдық көмек көрсеткен облыс әкімідігіне, басқадай адамдарға айттар алғысымыз шексіз.

Сайлау Байбосын, жобаның авторы

Мәшінүр Жұсіптің рухына

Толғанып жазған өлеңім,
Тұлғаңа теңеу бола алмай.
Өзіңе әлі келемін,
Өмірден өлшем таба алмай.

Саумалдай сырлы сөзіңе,
Еліңнің қанған мейірі.
Адамның емес, өзіңе,
Алланың түскен пейілі!

Фәни мен бақи екеуін,
Бөлмедің, рас алайда,
Дүние – жұмбақ екенін,
Дәлелдеп кеттің талайға!


Өзіңе халқың бас үрып,
«Әулием» десе сүйіп шын.
Пайғамбар десем – асылық,
Пендерден бірақ биіксің!

Үқтырдың жақсы-жаманға,
Жалғаннның мынау бекерін.
Айтумен өттің ғаламға,
Алланың жалғыз екенін!

Болса егер адам танитын,
Дедің бе табар түбінде.
Қазақтың қылыш тарихын,
Жеткізіп кеттің бүгінге.

Өзіңмен қайта табысқан,
Қалың ел қазақ жан-жақта.
Әруағыңменен алысқан,
Арсыздау заман қалды артта.


Жұмбақ боп солай тұра бер,
Таппады ғылым бүгінгі.
Айға ұшып жатқан мынау ел,
Аша алмай қойды сырыңды.



Тәңірдің түскен хас нұры,
Ынсан пен иман құндағы.
Даламның сенсің Мәшһүрі,
Ғаламның сенсің жұмбағы!

...Толғанып жазған өлеңім,
Тұлғана тенеу бола алмай.
Өзіңе әлі келемін,
Өмірден өлшем таба алмай!

Сайлау Байбосын





КАЗЫНА

Абай мен МэшНур Жусш

Абаймен Мэшьур Жус!пт!ц б!р-б!р!мен эл! кездеспеген кез! екен. Б!рде Шыңгыстау ел!не сапарлап барган Мэшьур сәлем бер- мекке Абайдың ауылына бурылады.

- Ассалаумагалэйкем! - деп босага атtagан МэшЬурge Абай:
— Уагалэйкемассалам, ацылсыз басца - адырайган кез б!тед!,
дуасы жоң ауызга - сылдыраган сез б!тед! деуш! ед!. Сыртың кел!с-
кен жан екенс!ц, !ш!цн!ц цандай екен!н байцайын, айтшы, Кудай
цайда, тозаң пен ужымаң цайда? - депт!.

Сонда МэшЬур ойланbastan:

 - Абайдың Кудайының цайда екен!н б!лмейм!н, ез!мн!ц Кү-
дайым м!не, журег!мде тур. Ужымаң пен тозаң жайлыш айтсан, ца-
тының жаңсы болса ужымаң уй!цде, жаман болса - тозаң, - деген
екен.
 - МэшЬур!м, айтса айтцандай екенс!ц, терге шың! - депт! сонда
Абай.

Мәңке бидщ болжайы

*Мөңке би Тыссаулы шамамен 1675-1746 жылдар аралыгын- да
ОМир сурсе керек. Бугшде батыстың Нострадамус, Ванга секүйді
сэуегейлерше таңдай үасып жатамыз. Ал үазаңтың Мөңке би
секүйді! данасының ешібір жумбақтамай-аң ею ауыз сезбен
тушндеғен болжамы солардың ешқайсынан кем емес. Оңып
көріңдерши*

Курамалы, цорганды уй!ц болады,
Айнымалы, текпел! би!ц болады.
Халыца б!р тиын пайдасы жоң,
Кун сайын бас цоссан жиын болады.
1ш!не шынтаң айналмайтын,
Еж!рей деген ульщ болады.
Аңыл айтсаң ауырып 褰латын,
Беж!рей деген цызың болады.
Алдыңнан кес-кестеп етет!н, Кек!рей
деген кел!н!ц болады. 1шкен!ц сары
су болады,
Берсең ит те !шпейд!.
Б!раң адам оган цумар болады.